



Асыл Тұлғалардан Шабыт Ал

The power of inspiration



Еуропалық Одақ пен Қазақстанның танымал әйелдерінің 28 жігерлендіретін әңгімесі
28 inspiring stories of outstanding women from the European Union and Kazakhstan



Еуропалық Одақ пен Қазақстанның танымал әйелдерінің 28 жігерлендіретін әңгімесі



28 inspiring stories of outstanding women from the European Union and Kazakhstan

Асыл Тулғалардан Шабыт Ал

The power of inspiration



Nur-Sultan 2021



“Асыл тұлғалардан шабыт ал” – өз қызметімен, ұстанымымен, ойымен әлемді өзгерткен және өз елдерінің жарқын тарихи тұлғаларына айналған Еуропалық Одақ пен Қазақстанның 28 танымал әйелі туралы әңгімелер ұсынылған кітап. Бұл кітап әйел көшбасшылығының әлеуетін және оның өскелең ұрпақ үшін керемет мотиватор бола алатынын көрсетеді.

Кітаптың мазмұны Еуропалық Одақтың көзқарастарын білдірмейді.
Авторлық құқық иесінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз толық немесе ішінара көшіруге тыйым салынады.

© Барлық құқықтар қорғалған. Пайдаланылған ақпарат ашық көздерден алынған.

Жоба идеясы:

Махаббат Есен, Назира Өтепова, Сабина Абатова

Жоба жетекшісі:

Махаббат Есен

Редакторлары:

Эльнура Абаканова, Еркежан Әмриева, Махаббат Есен,
Назира Өтепова, Сабина Абатова

Копирайтер:

Гүлсім Ахметжани

Дизайнер-беттеуші:

Бақытжан Батырханұлы

Суретші-иллюстратор:

Әсем Кеңесова

Суретші-орындаушы, мұқабадағы иллюстрация авторы:

Балжан Балташева

Қазақ және ағылшын тілдеріне аударған:

Бақытгүл Шеркенова, Полина Аbugалиева, “TEZ-Perevod” ЖШС

АСЫЛ ТҰЛҒАЛАРДАН ШАБЫТ АЛ

THE POWER OF INSPIRATION

Еуропалық Одақ пен Қазақстанның танымал әйелдерінің 28 жігерлендіретін әңгімесі

28 inspiring stories of outstanding women
from the European Union and Kazakhstan

AISHOLPAN халықаралық мәдени-ағарту жобасы аясында
Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен басылып шығарылды

Produced and published in the framework of the international and cultural
educational project AISHOLPAN with the financial support of the European Union



Кестутис Янкаускас
Еуропалық Одақтың Қазақстандағы Елшісі

Kestutis Jankauskas
EU Ambassador to Kazakhstan

Әйелдер мен қыздар әлем халқының жартысын құрайды, бұл адамзат әлеуетінің жартысына тең. Технология мен ілгерілеу заманында әйелдер көлік жүргізеді, Парламентте сөз сөйлейді, ғарышқа ұшады және ел басқарады, бірақ бұл жағдай барлық жерде бірдей емес.

Біз Aisholpan халықаралық мәдени-ағарту жобасын қолдай отырып, тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа беріп, жасөспірім қыздар қоғамдастығын дамыту идеясына қосыламыз.

Бұл кітапта өз қызметімен, ұстанымымен, ойымен әлемді өзгерткен және өз елдерінің жарқын тарихи тұлғаларына айналған әйелдердің жігерлендіретін әңгімелері жинақталған.

Кітап кейіпкерлері кез келген жастағы қыздарға үлгі болып, оларды іс- әрекетке ынталандыратын қозғаушы күш, мотиватор бола алады.

Бұл қыздар - болашақта әлемді өзгертетін күшті әйелдерге айналуы мүмкін.

Сендер ұмтылыстарың мен армандарың арқылы дүниені өзгертіп, елдер мен отбасылар арасындағы достықты сақтай аласыңдар деп сенеміз.

Үздік тұлғалардан шабыт алыңдар! Тек қана алға!

Women and girls make up half of the world's population, which is equivalent to half of the potential of humanity.

Modern women in the world of technology and progress drive cars, serve in Parliament, go to space and lead entire countries, but this picture of the world is not equally unambiguous across the planet.

Gender equality is one of the European Union's core values. Supporting the international cultural and educational project Aisholpan - we want to empower young girls, to share the idea of developing communities of adolescent girls and transferring the experience from generation to generation.

This book contains the most inspiring stories of women who, through their activities, attitude, thinking, have changed the world and became prominent historical representatives of their countries.

Characters of the book will be excellent role models and motivators for immediate action for girls of any age.

It is girls who can become strong women in the future, changing the world.

We believe that with your aspirations and dreams, you can change the world around you, maintain friendliness between countries and in your families.

Get inspired by the best examples! Go for it!

AISHOLPAN халықаралық мәдени-ағарту жобасы “Асыл тұлғалардан шабыт ал”

Планетадағы әрбір қыз білім алуға, өсуге, ақыл-ойы мен таланттарын дамытуға, әлем игілігі мен дамуы үшін өмір сүруге лайық. Жасөспірім қыздар өте саналы, бұл жаста олар басқаларға қалай көмектесуге болатындығы жайлы ойлайды.

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен жүзеге асырылған AISHOLPAN мәдени-ағарту жобасы біліктілігі мен өмірлік ұстанымы бойжетіп келе жатқан қыздарды жігерлендіре алатын әртүрлі дәуірдегі Еуропа мен Қазақстанның танымал әйелдерінің менталдылығы мен кәсіби тәжірибесін, сондай-ақ білімін жекізудің коммуникативтік алаңы болып табылады,

AISHOLPAN – қазақ халқында әйел бастауының бейнесі. Бағзы замандарда қазақтар жұлдызға, ай мен күнге қарап барар бағытын тапқан. Аспандағы әрбір шоқжұлдыздың өз атауы бар, мәселен, Венера планетасы Шолпан деп аударылады, сол арқылы көшпенділер шаруашылық пен тұрмысқа байланысты маңызды бастамаларды жоспарлаған.

AISHOLPAN – Ай Шолпан, Таң Шолпан - жаңа өмірдің, дәуірдің, бастамалардың символы. Ең әдемі әрі нәзік қазақ есімдерінің бірі, Шолпан жұлдызындай жарқыраған, жайнаған сұлу болады. Сол себепті жоба көшпенділер үшін киелі атаумен аталды.

AISHOLPAN жобасы 11-16 жас аралығындағы қыздарға арналып, нұсқалы форматта жүзеге асырылды – бұл білім марафоны және кәсіптік бағдар беру экскурсиялары, Еуропалық Одаққа мүше елдер мен Қазақстан әйелдерінің сан алуандығын бейнелейтін арт-панно таныстырылымы және 28 әйел күші туралы кітапты жарыққа шығару.

Жобаның басты миссиясы қыздарға өз біліміне, дамуына және болашағына сеніммен қарауына жағдай жасау.

Жоба Халықаралық қыздар күні және БҰҰ жүйесінің Гендерлік “зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-қимыл” жаһандық науқаны аясында жүзеге асырылды.

International cultural and educational project AISHOLPAN “The power of inspiration”

Every girl on this planet deserves the opportunity to learn and grow, develop her mind and her talents, and live a life for the good and development of the world. There is so much awareness in teenage girls these days that they think about how to help others.

Cultural and educational project AISHOLPAN, implemented with the support of the Delegation of the European Union in Kazakhstan, is a communication platform for transferring the mental and professional experience and knowledge of outstanding women in Europe from different ages, as well as successful contemporaries of Kazakhstan, whose expertise and life position can inspire the younger generation of girls.

AISHOLPAN is the embodiment of the feminine principle among the Kazakhs. In ancient times, Kazakhs were guided by the stars, the sun and the moon. Each constellation in the sky has its own name, as the planet Venus is translated as «Sholpan», according to which the nomads planned important undertakings related to the household and life.

AISHOLPAN - «Lunar Venus», «Early Venus» - is a symbol of new life, era and beginnings. One of the most beautiful and gentle female names among Kazakhs, giving the owner a special and cosmic charm. That is why the project bears such a sacred name for nomads.

The AISHOLPAN project was implemented in a variable format for girls from 11-16 years old - this is a knowledge workshop and career guidance tours, the presentation of an art panel that personifies the diversity of women from the countries of the European Union and Kazakhstan and the release of a book about the female power of 28 women.

The main mission of the project is to create opportunities for girls to become bold and ambitious leading actors of their education, development and future.

The project was implemented within the framework of the International Day of Girls and the global campaign of the UN system “16 days of activism against gender-based violence”.

МАЗМҰНЫ

	АУСТРИЯ AUSTRIA	10		ИСПАНИЯ SPAIN	38
	БЕЛЬГИЯ BELGIUM	14		ИТАЛИЯ ITALY	42
	БОЛГАРИЯ BULGARI	18		КИПР CYPRUS	46
	ГЕРМАНИЯ GERMANY	22		ҚАЗАҚСТАН KAZAKHSTAN	50
	ГРЕКИЯ GREECE	26		ЛАТВИЯ LATVIA	54
	ДАНИЯ DENMARK	30		ЛИТВА LITHUANIA	58
	ИРЛАНДИЯ IRELAND	34		ЛЮКСЕМБУРГ LUXEMBOURG	62

CONTENT

	МАЖАРСТАН HUNGARY	66		СЛОВЕНИЯ SLOVENIA	94
	МАЛЬТА MALTA	70		ФИНЛЯНДИЯ FINLAND	98
	НИДЕРЛАНДЫ NETHERLANDS	74		ФРАНЦИЯ FRANCE	102
	ПОЛЬША POLAND	78		ХОРВАТИЯ CROATIA	106
	ПОРТУГАЛИЯ PORTUGAL	82		ЧЕХИЯ CZECH REPUBLIC	110
	РУМЫНИЯ ROMANIA	86		ШВЕЦИЯ SWEDEN	114
	СЛОВАКИЯ SLOVAKIA	90		ЭСТОНИЯ ESTONIA	118



Bertha von Suttner

Берта фон Зутнер
1843 – 1914

Берта фон Зутнер – аустриялық драматург, мәдениеттің дамуына баға жетпес үлес қосқан халықаралық пацифистік қозғалыстың қайраткері. Нобель сыйлығының негізін қалауға қозғау салған алғашқы әйел. Ол Нобель сыйлығын алған алғашқы әйел болды.

Bertha von Suttner was an Austrian playwright, and the leader of the international pacifist movement, who made an invaluable contribution to the development of culture. She is the very first woman who helped establish the Nobel Prize. She is also the first woman to receive a Nobel Prize.

“БЕЙБІТШІЛІК СЫЙЛЫҒЫ”

Туа біткен Кински графинясы Баронесса Берта фон Зутнер 1843 жылы 9 маусымда Прагада дүниеге келді. Әкесі қызы туылғанға дейін қайтыс болып, ол аустриялық сарай маңы тобына кірген анасы София Вильгельмина мен қамқоршысының тәрбиесінде болады. Берта Кински аустриялық ақсүйектер қоғамының милитаристік дәстүрлері бойынша тәрбиеленген, бірақ кейін өзінің саналы өмірінің екінші жартысын осы дәстүрлермен күресуге арнайды.

30 жасқа толған шағында анасы мұраға қалған барлық байлықты оңды-солды шашады. Берта веналық Зутнер әулетінің төрт қызына гувернантка болып жұмысқа орналасады, кейін көп ұзамай үш ұлдың бірі - барон Артур Гундаккара фон Зутнерге ғашық болады. Артурдың ата-анасының келісімінсіз үйленген Зутнерлер Ресейге, Грузияға кетуге мәжбүр болды. Олар Тбилисиде он жыл тұрған.

1889 жылы Зутнердің “Қару жойылсын!” атты кітабы жарық көрді, мұнда XIX ғасырдың 60 жылдарындағы еуропалық соғыстардан тағдыр тәлкегіне ұшыраған жас әйелдің өмірі баяндалған. А. Нобельмен жазысқан хаттар және Бертаның ықтимал соғыстардың алдын-алудың тиімді құралы ретінде пацифистік жобаларды қаржыландыруға қаражат бөлуге шақыруы нәтижесінде 1893 жылы Нобель өзінің жеке хатында оған бейбітшілік сыйлығын тағайындауға уәде береді. Оған 1905 жылғы 10 желтоқсанда Нобель сыйлығы тағайындалып, 1906 жылғы 18 сәуірде Ослода табысталды. Зутнер бейбітшілік сыйлығына ие болған алғашқы әйел және Нобель сыйлығының лауреаттары тарихындағы екінші әйел болды (Мария Склодовская-Кюриден кейін).

“PEACE PRIZE”

Baroness Bertha von Suttner, née Countess of Kinski, was born on June 9, 1843 in Prague. Her father died shortly before the birth of his daughter, and she was raised by her mother Sofia Wilhelmina and by her foster father, both of whom were part of the Austrian court circles. It happened that Bertha Kinski was brought up in the militaristic traditions of the Austrian aristocratic society – the very traditions with which she waged a merciless struggle for the entire second part of her adult life.

By the time she turned 30, her mother had squandered her inherited fortune. Bertha was hired as a governess for the four daughters of the Viennese Suttner family and soon fell in love with one of their three sons, Baron Arthur Gundakkar von Suttner. Having married without getting the consent of Arthur’s parents, the Suttners were forced to leave for Russia, and then for Georgia. They ultimately lived in Tbilisi for ten years.

Suttner’s book “Lay Down Your Arms!” was published in 1889. It tells about the life of a young woman whose fate was crippled by the European wars of the 1860s. Correspondence with A. Nobel, and Bertha’s calls to donate funds to finance pacifist projects as an effective means of preventing potential wars, led to the fact that in 1893, in a personal letter, Nobel promised her to establish a peace prize.

This prize was awarded to her on December 10, 1905 and presented on April 18, 1906 in Oslo. Suttner became the first woman to be awarded a Peace Prize and the second woman in the history of Nobel Prize winners (after Marie Skłodowska-Curie).



Marie Popelin

Мари Попплен
1846 - 1913

Мари Попплен – бұл өмірдің көптеген салаларындағы әйелдер қауымының бостандығы мен теңдігі үшін күрестің нағыз символы, әйелдер қозғалысының катализаторы.

Marie Popelin is a real symbol of struggle, and was a catalyst for the women's movement for freedom and equality in many areas of life.

“THE POPELIN CASE”

Құқық қорғаушы 1846 ж. бельгиялық Схарбек коммунасында (Брюссельдің бір бөлігі) дүниеге келген. Сол кездегі беделді феминист Изабелла де Гамондтың жетекшілігімен білім алған, бұл Мариге болашақта қоғамның назарына ілігу, танымал болуына кепілдік болды. Барлық заңды егжей-тегжейліктер мен құқықтық қайшылықтарды білу Мари Поппленді – Бельгияның әйелдер құқығын қорғау бірлестігінің көшбасшысы етті. 1888 ж. ол құқық саласындағы доктор дәрежесін иеленген алғашқы әйел болды.

Мари білім беру саласында басшы қызметтерін атқарды. Брюссель адвокаттар алқасына заңгер мамандығына қабылдау туралы өтініш беруі ерекше назар аударуға тұрарлық жағдай. Бұл Мариге адвокаттық практикамен айналысуға мүмкіндік берер еді. Бірақ апелляциялық сот заңнамалық тыйымдардың жоқтығына қарамастан оның өтінішін қабылдамады. “Поплен ісі” қоғамдық резонанс туғызып, баспасөз арқылы бүкіл жұртқа жария болып кетті.

Құқық дәрігері Попплен феминистік конференцияларға белсенді қатысып, Халықаралық әйелдер кеңесінің Бельгиядағы бөлімшесін құрды, әйелдердің кәсіптік білім беру мүдделерін және әйелдердің сайлау құқығын қорғауға атсалысты. Мари әйелдерді өзінің қабілетін сәтті іске асыра білуге және заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға шабыттандырып, оларға өмір бойы көмектесіп келді.

2011 ж. Бельгия Үкіметі Мари Поппленнің құрметіне беделді адвокат бейнеленген пошта маркалары мен естелік монеталарын шығарды.

“ПОПЛЕН ІСІ”

The human rights activist was born in 1846 in the Belgian borough of Schaerbeek (part of Brussels). She was educated under the guidance of an influential feminist of the time, Isabella de Gamond, which guaranteed Marie a high degree of public interest in the future. Knowledge of all legal subtleties and legal conflicts made Marie Popelin the leader of the Belgian Association for Women’s Rights. In 1888, she became the first female Doctor of Law in the country.

Marie held leadership positions in the field of education. Special attention should be paid to the case of an application for admission as a lawyer in the Brussels Bar Association. This would have allowed Marie to practice law. However, the appellate court rejected her request, despite the absence of statutory prohibitions. The Popelin case received a wide public response and press coverage.

Popelin, as a Doctor of Law, took an active part in feminist conferences, founded the Belgian branch of the International Council of Women and stood guard for the protection of the interests of women’s vocational education and women’s suffrage. Throughout her life, Marie inspired women towards successful self-realization and defended their legal rights and interests.

In honor of Marie Popelin, the Belgian Government issued a series of postage stamps and commemorative coins featuring the reputable lawyer in 2011.





Binka Zhelyazkova

Бинка Желязкова
1923 – 2011

Бинка Желязкова – әлемге әйгілі болгарлық кинорежиссёр және сценарист. Ол Болгарияның алғашқы әйел режиссері. Өзінің 40 жылдық еңбек жолында “Болгар киносының тентек қызы” деген атпен танымал болған Бинка Желязкова тоталитарлық цензураның дөрекілігінде, кинода жұмыс істеуге тыйым салынған кезеңді де бастан өткерді. Оның фильмдері Канн, Мәскеу, Брюссель, Берлин және Монреальдағы Экспо’67 фестивальдерінде көпшіліктің назарына ұсынылды.

Binka Zhelyazkova was an internationally renowned Bulgarian film director and screenwriter. She was the first female director in Bulgaria. During her 40-year career, Binka Zhelyazkova, who was called “the naughty girl of Bulgarian cinema,” experienced both the rudeness of totalitarian censorship and a long period of being banned from working in films. The public watched her films at festivals in Cannes, Moscow, Brussels, Berlin and Expo ‘67 in Montreal.

“БОЛГАР КИНОСЫНЫҢ ТЕНТЕК ҚЫЗЫ”

Бинка Желязкова 1923 жылы 15 шілдеде Свиленград қаласында дүниеге келді. 1951 жылы Мемлекеттік жоғары театр училищесінің театр режиссурасы факультетін бітірді. Содан кейін “Бояна” киностудиясында қоюшы-режиссер болып жұмыс істеді. 1974 және 1982 жылдары Болгарияның еңбек сіңірген және халық әртісі құрметті атақтарына ие болды. 1947 жылдан бастап Болгар Коммунистік партиясының мүшесі болды.

1957 жылы “Өмір тыныш ағады” фильмімен дебют жасады, бірақ бұл цензуралық себептермен экранға шығарылмады. 1988 жылы болгариялық “қайта құру” аясында фильм режиссурасы үшін Болгар кино қайраткерлері одағының арнайы сыйлығымен марапатталды.

Желязкованың нағыз дебюті - “Біз жас едік” картинасы (1961, Мәскеудегі ХКФ-да “Алтын төсбелгі”), бұл фашизм жылдарында астыртын жұмыс істеген жастар туралы поэтикалық баллада.

Бинка Желязкованың шығармашылығы көптеген үздік марапаттарға ие болды: Екінші Мәскеу Халықаралық кинофестивалінің алтын жүлдесі (“Біз жас едік”), Димитров сыйлығы, 27-ші Канн кинофестивалінің Алтын пальма бұтағы (“Соңғы сөз”), X Мәскеу Халықаралық кинофестивалінің алтын және күміс жүлдесі (“Бассейн”), I дәрежелі “Стара-планина” ордені, I дәрежелі “БХР” ордені және т.б.

Болгар киносының темір ханымы – Бинка Желязкова (оның тегі болгарлық “темір” сөзінен шыққан), өз еліндегі алғашқы әйел режиссер және 1950 жылдары бүкіл әлемдегі бірнеше белсенді әйел режиссерлердің бірі болды, оның дәстүрлі емес жұмысы жеке көркемдік стилімен және дәуірдің идеологиясындағы батылдығымен сипатталады. Желязкова цензураның, тыйымдардың және кез-келген қысымшылықтың қарсыласы болды. Бинка Желязкованың шығармашылық үлесі Болгар киносының тарихында үлкен маңызға ие. Оның еңбектері көптеген көрнекті марапаттарға ие. Желязкова фильмдері ондаған жылдар өткен соң маңыздылығы мен өзектілігін сақтайды.

“NAUGHTY GIRL OF THE BULGARIAN CINEMA”

Binka Zhelyazkova was born on July 15, 1923 in the city of Svilengrad. In 1951 she graduated from the theater directing faculty of the State Higher Theater School. After that she worked as a production director at the Boyana film studio. In 1974 and 1982 she was awarded the honorary titles of Honored and People’s Artist of Bulgaria. From 1947 onwards, she was a member of the Bulgarian Communist Party.

She made her directorial debut in 1957 with the film “Life Flows Quietly By...,” which was not released for censorship reasons. In 1988, as part of the Bulgarian “perestroika”, the Union of Bulgarian Film Makers awarded the film a director award.

Zhelyazkova’s real debut was her next film “We Were Young” (1961; Gold Medal at the Moscow International Film Festival), a poetic ballad about young underground resistance figures during the years of fascism.

Binka Zhelyazkova’s work has received many outstanding awards: the Gold Prize of the Second Moscow International Film Festival (“We Were Young”), the Dimitrov Prize, the Golden Palm of the 27th Cannes Film Festival (“The Last Word”), the Gold Prize and the Silver Prize of the X Moscow International Film Festival (“The Swimming Pool”), the Stara Planina Order of the 1st Degree, the NRB Order of the 1st Degree and many others.

The iron lady of Bulgarian cinema, Binka Zhelyazkova (her last name comes from the Bulgarian word for “iron”), was the first female film director in her country and one of the few active female directors around the world in the 1950s, whose unconventional work is characterized by individual artistic style and her courage in matters of the ideology of the era. Zhelyazkova was a staunch opponent of censorship, prohibitions and any kind of harassment. The creative contribution of Binka Zhelyazkova is of great importance in the history of Bulgarian cinema. Her work has received many outstanding awards. Zhelyazkova’s films retain their significance and relevance decades later.



Margarete Steiff

Маргарет Штайф
1847 – 1909

Аты аңызға айналған Тедди аюлары мен “Steiff” империясын құрушылардың өмір тарихында былай делінеді: кез-келген адам жетістікке жете алады, бұл үшін тек қолөнер дағдылары мен жұмыс істеуге ынты-ықыласы болса жеткілікті. Ең бастысы, өз арманының жетегінде жүру керек.

The life story of the creator of the legendary Teddy Bears and the “Steiff” empire says that any person can achieve success; it is enough to have skills in needlework and a desire to work. What is most important is to follow your dream.

“БАЛАЛАРҒА – ЕҢ ЖАҚСЫСЫ”

Маргарет Штайф 1847 ж. немістің Гинген-ан-дер-Бренц қаласында дүниеге келген. Балалық шағында полиомиелитке шалдыққан. Ауыр дертінің салдары екі аяғы мен оң қолының қозғалғыштығының жоғалуы болды. Бірақ жас Маргарет айналасындағыларға мүгедектер арбасындағы өмір қанық және жарқын бола алатынын ұғындыра білді. Сол кездегі танымал музыкалық аспап – цитраны оңай игерді.

Үйде тігін шеберханасын ашқан 18 жастағы Маргарет қалыңдық көйлектерін тігуге тапсырыс ала бастады. Кейін бұйымдардың ассортименті кеңейе түсті: әйелдерге арналған күнделікті киім, фетрлі пальто, үй тұрмысына арналған заттар.

1880 ж. желтоқсанда Маргарет сән журналынан киізден жасалған піл тәрізді инешектердің үлгісін көріп, бұйымдардың сынамалық топтамасын тікті, бұл балаларға арналған ойыншықтар ретінде бірден сатылды. Бұдан кейін бекітілген сым қаңқасы бар қояндар, тышқандар және басқа да ойыншық аңдардың коллекциясы пайда болды. Қозғалмалы табандары мен басы бар алғашқы пүліш аюды жиені Ричард Штайф хайуанаттар бағында жасалған эскиз бойынша әзірледі. Сөйтіп, кездейсоқ олжа PB55 өндірістік жаңалыққа айналды, бұл аббревиатура – аюдың сипаттамасы: P (Plusch) - пүліш; B (Beweglich) - қозғалмалы; 55 см. – аюдың бойы.

Қазіргі таңда “Steiff” – бұл Тедди аюлары мен басқа да балалар ойыншықтарын шығаратын әлемдегі ең ірі компания. “Балаларға – ең жақсысы” деген кәсіпорын ұраны ойыншықтарды қолмен жасаудың бірегей технологиясына және кемелдікке деген шексіз махаббатқа кепілдік береді.

“ONLY THE BEST IS GOOD ENOUGH FOR OUR CHILDREN”

Margaret Steiff was born in 1847 in the German town of Giengen an der Brenz. She suffered from polio as a child. The consequence of this severe disease was the loss of mobility of both legs and her right arm, but young Margaret let her social circle see that life in a wheelchair can be rich and vibrant. She easily mastered the zither, a popular musical instrument at that time.

Having opened a sewing workshop at home, 18-year-old Margaret began taking orders for sewing wedding dresses. Further, the range of products only expanded, eventually including casual women's clothing, felt coats, and household items.

In December 1880, Margaret saw a pattern of felt beds in the shape of elephants in a fashion magazine and sewed a trial batch of items, which instantly sold out as toys for children. This was followed by a collection of hares, mice and other toy animals with a reinforced wire frame. The first teddy bear with movable legs and head was designed by her nephew Richard Steiff from sketches made at the zoo. So, an accidental find became a production discovery, called PB55. The name is a German abbreviation for the characteristics of the bear: P (Plusch) - plush; B (Beweglich) - mobile; and 55 cm - the height of the bear.

Today, Steiff is the world's largest manufacturer of Teddy bears and other children's toys. The company's motto, “Only the best is good enough for our children,” guarantees unique hand-made craftwork goes into the creation of toys, and emphasizes an endless love for perfection.



Melina Mercouri

Мелина Меркури
1920-1994

Мелина Меркури – грек киносының аңызы, талантты театр актрисасы, парламент мүшесі және Грекияның алғашқы әйел мәдениет министрі. Саяси таланты мен актерлік харизмасының арқасында ол адамдарды әскери диктатурамен күресте айтарлықтай өзгерістерге шабыттандырды.

Melina Mercouri is a legend of Greek cinema, and was a talented theatrical actress, a member of parliament and the first female Minister of Culture in Greece. Thanks to her political talent and acting charisma, she managed to inspire people to make significant changes in the fight against a military dictatorship.

“СТЕЛЛА”

Мелина Меркури 1920 жылы 18 қазанда дүниеге келген. Афина мэрлерінің бірі - Спирос Меркуристің немересі және өз заманының көрнекті саясаткері Стаматис Меркуристің қызы туған кезде Мария-Амалия Меркурий есімін алды.

Ынталы оқушы саясатқа үлкен қызығушылық танытпады, жас кезінен бастап ол сахнаға әуестенді. 18 жасында ол драмалық өнер мектебіне түсті. Бірінші күйеуі фашистік оккупация жылдарында Мелинаның сенімді қорғанысына айналған афиналық жер иеленуші болды. Олар 20 жыл бірге өмір сүрген.

“Стелла” фильміндегі рөлі үшін Мелина Алтын пальма бұтағы жүлдесіне ұсынылды. Мұнда екінші күйеуі Жюль Дассенмен тағдырлы кездесуі орын алды. Актриса басты рөлді сомдаған “Ешқашан жексенбіде” фильмі грек мәдениетіне деген қызығушылықты оятып, жаңаша серпіліс әкелді және режиссер мен кино жұлдызының шығармашылық үйлесімін көрсете білді: үздік шетелдік фильм үшін “Оскар” номинациясы мен Канн кинофестивалінде Күміс жүлделі болды.

“Қара полковниктердің хунталары” деп аталатын әскери диктатура кезінде Мелина Меркури алғаш рет саяси белсенділік таныта бастады, ол Грекиядағы белгіленген режимге қарсы халықаралық науқанның жетекші тұлғаларының бірі болды. Атақты белсенді әйел өзін вокал саласында да сынап көрді. Оның грек, француз және неміс тілдеріндегі әндері танымал хиттерге айналды.

1981-1989 жылдары Мелина Меркури мәдениет министрлігін басқарды. Министр бола тұра ол бірқатар маңызды тақырыптарды көпшіліктің талқысына салды: Парфенон мәрмәрін Британ мұражайынан қайтару идеясынан Халықаралық Дельфий ойындарын өткізу мәселелеріне дейін.

Melina Mercouri was born on October 18, 1920. The granddaughter of one of the mayors of Athens, Spyros Mercouris, and the daughter of a prominent politician of his time, Stamatis Mercouris, she was given the name Maria-Amalia Mercouri at birth.

“STELLA”

The diligent student was almost entirely uninterested in politics, and from her youth she was more fascinated by the stage. At the age of 18, she entered the school of dramatic art. Her first husband was an Athenian landowner who during the years of the fascist occupation served as a reliable protection for Melina. They lived together for 20 years.

For her role in “Stella,” Melina was nominated for the Palme d’Or. At the ceremony, a fateful meeting with her second husband, Jules Dassin, took place. The film “Never on Sunday,” where the actress played the main role, brought a fresh wave of interest in Greek culture and recognition of the creative tandem of the director and the movie star. Among her significant awards, there was an Oscar nomination for the best foreign picture and the Silver Prize at the Cannes Film Festival.

It was during the military dictatorship of the so-called “junta of black colonels” that Melina Mercouri first became politically active, becoming one of the leading figures in the international campaign against the established regime in Greece. The famous activist also tried her hand in the vocal arts. Her songs in Greek, French and German have become acclaimed hits.

From 1981 to 1989, Melina Mercouri headed the Ministry of Culture in Greece. As a minister, she raised a number of significant topics for public judgment, from the idea of reclaiming the Parthenon marble from the British Museum to the issue of holding the International Delphic Games.



Nina Bang

Нина Банг
1866 - 1928

Нина Банг - Данияның әйгілі тарихшысы және саясаткері. Саяси батылдығының және атқарған әлеуметтік жұмыстарының арқасында ол алғашқы әйел министр болып тағайындалды. Банг 1926 жылы бұл қызметтен кетті.

Nina Bang was a renowned Danish historian and politician. Thanks to her political courage and social work, she was appointed as the first female minister in Denmark. Bang resigned from this post in 1926.

“ҮКІМЕТТЕГІ ЖАЛҒЫЗ ШЫНАЙЫ АДАМ”

Нина Банг 1866 жылы 6 қазанда Ховетстаденде дүниеге келген. Нина әрдайым оңшыл саяси көзқарастарды ұстанатын орта тапты әулетте өсіп-өнді. 1890 жылдары Копенгаген университетіне түсіп, Банг тарихты зерттеді, содан кейін XVI ғасырдағы сауданы зерделеуге маманданды. Тарихшы бірегей құжаттарға талдау жасап, “Кеме қатынасы және жүктерді Эресунн арқылы тасымалдау кестесі” атты екі томдық еңбектің авторы атанды. 1894 жылы ол аталмыш университетте ғылыми дәреже иеленген алғашқы әйел болды.

Нина Банг жұмыста көрсеткен батылдығы мен қатаңдығы үшін “мінезді ханым” немесе “темір ханым” деп аталып кеткен. Оның саяси мансабы 1903 жылы Социал-демократиялық партияның қатарында басталды. Бұдан кейін Ландстинг қаржы комитетінің мүшесі лауазымына ие болып, Торвальд Стаунингтің орнына халықаралық социалистік конвенцияларға қатысты.

1924 жылы Банг Даниядағы білім министрі лауазымындағы алғашқы әйел бола отырып, министрлер кабинетінің құрамына кірді. Саяси белсенділікті арттыра отырып, Нина Банг мектеп жүйесін демократияландырды және мұғалімдердің дайындығын жақсартты.

Бірқатар ерекше жағдайлар үшін саясаткер әйелді “Үкіметтегі жалғыз шынайы ер адам” деп атай бастады. Даниядағы алғашқы әйел министрі Нина Банг 1924-1926 жылдары білім министрлігін басқарды.

“THE ONLY REAL MAN IN GOVERNMENT”

Nina Bang was born on October 6, 1866 in Hovetstaden. She grew up in a middle-class family that had always held right-wing political views. Having entered the University of Copenhagen in the 1890s, Bang studied history before specializing in the study of trade in the 16th century. The historian analyzed unique documents and became the author of a two-volume work called “Tables of Shipping and Transportation of Goods through Øresund.” In 1894, she became the first woman to receive a degree from the same university.

Nina Bang was often called a “lady of character” or an “iron lady” for her courage and toughness in her work. Her political career started in 1903 in the ranks of the Social Democratic Party. This was followed by a position as a member of the Landsting Finance Committee and participation in international socialist conventions as Thorvald Stouning’s replacement.

In 1924, Bang was promoted to a cabinet position, becoming the first female minister of education in Denmark. With increased political activism, Nina Bang democratized the school system and improved teacher education.

For a number of extraordinary reasons, the female politician began to be called “the only real man in the government.” Denmark’s first female minister, Nina Bang, headed the Ministry of Education from 1924 to 1926.





Lillian Bland

Лилиан Бланд
1878-1971

Лилиан Бланд – дүниежүзілік авиацияның пионері. Ол әлемдегі әуе кемелерін жасаған және онда ұшқан алғашқы әйелдердің бірі болды. Оның 1910 жылы жасаған алғашқы ұшақтарының бірі - Mayfly (“Шатырқанат”). Лилиан өзінің үлгісімен бүкіл әлемдегі нәзік жандарды азаматтық авиацияны зерделеуге шабыттандырып, әйел мен техниканың үйлесімділігін дәлелдеп берді.

Lillian Bland was a global aviation pioneer. She was one of the first women in the world to build and fly an aircraft. One of her first aircrafts, built in 1910, was the Mayfly. By her example, Lillian inspired women around the world to study civil aviation, proving that women and technology are compatible.

“ШАТЫРҚАНАТ”

Лилиан Бланд 1878 жылы 28 қыркүйекте Лондонға жақын Кентте дүниеге келген. Ата-анасы ағылшын-ирландиялық ақсүйектер әулетінен шыққан. Жас кезінде бойжеткен Лондон газеттері мен журналдарында спорт журналисі және фоторепортер болып жұмыс істей бастады. Самғаған құстардың суреттері және Париждегі ағасынан келген ашық хаттардан Ла-Маншты ұшып өтпекші болған алғашқы ұшқыш Луи Блерио монопланының бейнелері оның ұшуға деген құмарлығын оята түскен.

Ағайынды Райт ұшағының техникалық параметрлерін зерделей отырып, ол өзінің Mayfly ұшағын құрастырып шығарды. Бір жылдан кейін ол ұшқыш лицензиясын алды. 1910 жылғы тамызда Рандалстаунда оның ұшағы алғаш рет ауаға көтерілді. Авиатор 27 метрге ұшып, кейін ұшуды 400 метрге дейін арттырды. Лилиан планерлердің екі түрін сатуды ұйымдастырды: қозғалтқыштармен және қозғалтқыштарсыз, бірақ тапсырыстардың болмауына байланысты фирманы жабуға тура келді.

Әкесі Джон Хамфри Бланд қызының өмірі үшін қорыққандықтан, Лилианның ұшу әуестігін қолдамады. Оның орнына ол автокөлік сатып алуды ұсынады. Лилиан көлік жүргізуді үйреніп, 1911 жылы Белфасттағы Ford компаниясының автосалон басқарушысы болып тағайындалады. Кейін Лилиан немере ағасы Чарльз Лофтус Бландқа тұрмысқа шығып, қызды болады және Канадаға көшіп кетеді. 1929 жылы оның 16 жасар қызы сіреспеден қайтыс болады. Лилиан күйеуімен ажырасып, 1935 жылы Англияға қайтып оралады. Лилиан Бланд 92 жасында қайтыс болды. Ирландияның Ньютаунабби қаласындағы қоғамдық саябақ Лилия Бландтың есімімен аталды.

“THE ONLY REAL MAN IN GOVERNMENT”

Lillian Bland was born on September 28, 1878 in Kent, near London. Her parents came from a family of Anglo-Irish nobles. In her youth, the girl began working as a sports journalist and photojournalist in London's newspapers and magazines. Her flying hobby was influenced by photographs of birds taking off and a postcard from an uncle from Paris depicting a monoplane of Louis Bleriot - the first pilot to cross the English Channel.

After examining the technical parameters of the Wright brothers' aircraft, she designed the Mayfly.

A year later, the aviator received a pilot's license. In August 1910, her aircraft took off for the first time at Randalstown (Northern Ireland). She flew 27 meters, subsequently increasing her flight to 400 meters. Lillian organized the sale of gliders of two types—with an engine or without one—but due to a lack of supply orders, the company had to be closed.

Her father, John Humphrey Bland, feared for his daughter's life, so he did not support Lillian's love of flight. Instead, he offered to buy her a car. Lillian learned to drive, and in 1911 she became the manager of the Ford car dealership in Belfast.

Lillian later married Charles Loftus Bland's cousin, gave birth to a daughter, and moved to Canada. In 1929, her 16-year-old daughter died of tetanus. Following this tragedy, Lillian divorced her husband and returned to England in 1935.

Bland died at the age of 92. A public park in the Irish town of Newtownabbey was named after Lily Bland.





Maria Moliner

Мария Молинер
1900 – 1981

Мария Молинер – көптеген еуропалықтардың оқуға деген сүйіспеншілігін оятып, оқуға қол жеткізуге үлес қосқан испан филологы және лексикографы. Испан лексикографиясында Мария Молинердің екі томдық испан тілін қолдану сөздігі ерекше орын алады.

Maria Moliner was a Spanish philologist and lexicographer who gave many Europeans access to reading. The two-volume Spanish-language dictionary written by Maria Moliner holds a special place in Spanish lexicography.

“СӨЗДЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТУ”

Мария Молинер Энрике Молинер мен Матильда Руистің дәрігерлер әулетінде дүниеге келген. 2 жасында Марияның отбасы Сарагостан Алмазанға көшеді.

1921 жылы Мария Сарагостың Тарих университетін бітіріп, тарих дәрежесін алады, ал бір жылдан кейін мұрағатшылар, кітапханашылар және археологтар факультетіне түседі.

25 жастағы бойжеткен жас физик Фернандо Рамон Феррандоға тұрмысқа шығып, төрт баланы өмірге әкеледі. Ол кезде елде сауатсыз адамдардың саны артқан. Өз отандастарына сауатты және жан-жақты дамыған тұлға болуға жәрдемдесуге ниеттенген Мария көптеген кітапханалардың ашылуына септігін тигізді.

Мария Молинер, Луис Чернуда және Хуан Висенс алғашқы кітапхана қызметін үйлестірді. Олар кітапханаларды ашу бойынша барлық дайындық жұмыстарын, сондай-ақ халық арасында сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған дәрістер, киносеанстар, аудио тыңдалымдар топтамасын ұйымдастырды.

1946 жылы Мария Мадридтегі Өнеркәсіп инженерлерінің жоғары техникалық мектебінің кітапхана меңгерушісі болып тағайындалды және онда зейнетке шыққанға дейін қызмет атқарды.

Марияның филология саласындағы басты еңбегі - Diccionario de Uso del Español атты екі томдық испан сөздігі. Оны 15 жыл бойы жалғыз өзі жазған. Сөздікте анықтамалар, синонимдер, тұрақты тіркестер мен сөздер қамтылған. Мария Молинер - Испания корольдік академиясының құрамына кірген алғашқы әйел.

“TAKING CARE OF WORDS”

Maria Moliner was born into the dynasty of doctors Enrique Moliner and Matilda Ruiz. When Maria was 2 years old, her family moved from Zaragoza to Almazan.

In 1921, Maria graduated from the historical University of Zaragoza with a degree in history, and a year later she entered the faculty of archivists, librarians and archaeologists.

At the age of 25, the girl married a young physicist named Fernando Ramon Ferrando, and subsequently she gave birth to four children. At that time, the country had a large percentage of illiterate people. Wanting to help her compatriots become literate and well-rounded, Maria helped open many libraries.

The first library service in Spain was coordinated by Maria Moliner, Luis Cernuda and Juan Vicens. They organized all the preparatory work for the opening of the libraries, as well as a series of lectures, film shows, and audio auditions aimed at increasing the level of literacy among the population.

In 1946, Maria was appointed as a manager at a library and at the Higher Technical School of Industrial Engineers in Madrid, where she worked there until her retirement.

The main philological work of Mary is encased in her two-volume Spanish dictionary— “Diccionario de Uso del Español.” She had been writing it for 15 years. The dictionary contains definitions, synonyms, fixed phrases and expressions. She is the first woman to enter the Royal Spanish Academy as a member.





Maria Teresa de Filippis

Мария-Тереза де Филиппис
1926 - 2016

Мария-Тереза де Филиппис – бұл спорттық ойындауық тарихында Формула-1 автожарысының ұшқышы болған алғашқы әйел ретінде мықты мінездің, ерекше тартымдылықтың және автошабандозға тән шынайы талант иесі.

Maria-Teresa de Filippis had a strong personality, with an extraordinary personal charm and the raw talent of a race car driver. She is remembered in the sports history as the first woman to become a Formula 1 driver.

“ӘЛСІЗ ӘЙЕЛ ЖАРЫС МАШИНАСЫН БАСҚАРА АЛАДЫ МА?”

Мария-Тереза 1926 ж. 11 қарашада неаполитандық бай отбасында дүниеге келген. Балалық шағында ат спортымен айналысқан. “Әлсіз әйел жарыс машинасын басқара алады ма?” деген сұрақ төңірегінде ағаларымен болған кездейсоқ дау-дамай жас италиялық қыздың наразылығын тудырды. Сол кезде жоғары жылдамдыққа әуес қыз автоспортпен шындап айналысып, өзінің үлгісімен әйелдер көлікті ер адамдардан кем жүргізбейтінін дәлелдеуге шешім қабылдады.

Марияның жетістік қоржыны 1948 ж. алғашқы жарыстардан бастап жеңістерге толы. Шағын литражды Fiat 500 автомобилі өз иесіне алғашқы марапаттар әкелді. Сонан соң Италиядағы Mille Miglia, Targa Florio, Доломиттердің Алтын Кубогы, Giro di Sicilia және “12 Ore di Pescara” сияқты ұзын спорткар жарыстарында өнер көрсетті. Мария айналма автожарысы бойынша Италия біріншілігінде жетекші орындарға ие болған кезде 30 жасқа да келмеген еді. Формула-1 жарысындағы дебюті 1958 ж. орын алды.

“Гран При Монакодағы” Maserati көлігін басқарған әйелдің өнері туралы жаңалық көзді ашып жұмғанша Монте-Карлоға жайылып кетті, отыз шабандоздың арасында 22-ші орын алған неаполитандық әйел өзінің адал жанкүйерлерінің қызығушылығын жоғалтқан жоқ. “Гран При Бельгияда” әйел ұшқыш мәре сызығын оныншы болып кесіп өтті. Кейіннен ол гран-приге тағы үш рет қатысты.

Мария-Тереза де Филиппис – Формула-1 жарысының алтын әйелдер ғасыры тарихындағы бес бірегей ұшқыштың бірі. Ол тарихи автомобильдер жарысының белсенді қатысушысы, Maserati клубының ортақ құрылтайшысы мен басшысы болды.

“HOW CAN A WEAK WOMAN DRIVE A RACING CAR?”

Maria Teresa was born on November 11, 1926 into a wealthy Neapolitan family. As a child, she was engaged in equestrian sports. “Can a weak woman drive a racing car?” came the question from her brothers. This accidental argument aroused indignation in the young Italian. It was then that this lover of high speeds seriously took up motorsport and decided to prove, through personal example, that women could drive a car no worse than men.

Maria saw a string of victories beginning with her first competition in 1948. The Fiat 500 mini compact car brought her these first awards, followed by performances in all the longest sports car races in Italy – including the Mille Miglia, the Targa Florio, the Dolomites Golden Cup, the Giro di Sicilia and the 12 Ore di Pescara. Maria had not even reached 30 years of age when she took the leading position in the Italian circuit racing championship. Her debut in Formula 1 racing took place in 1958.

The news of her performance as a woman at the wheel of a Maserati at the Monaco Grand Prix instantly flew around Monte Carlo, where she took 22nd place among thirty riders. With such triumphs, the Neapolitan woman did not lose interest from her loyal fans. At the Belgian Grand Prix, Maria crossed the finish line in tenth place. Subsequently, she participated in the grand prix three more times.

Maria Teresa de Filippis is one of five unique drivers in the history of Formula 1's golden age for women. She was an active participant in historic car races, and a co-founder and head of the Maserati club.



Stella Soulioti

Стелла Сулиоти
1920 – 2012

Стелла Сулиоти — Кипр Республикасы Министрлер кабинетінің құрамындағы бірінші әйел министр, сондай-ақ жалғыз әйел прокурор. Кипр Қызыл Крестінің президенті. Ол - елдің құқықтық тарихында өшпес із қалдырған ең беделді әйелдердің бірі.

Stella Soulioti was the first female minister in the Cabinet of Ministers of the Republic of Cyprus and she was the only female procurator. She was the President of the Cyprus Red Cross and was one of the most reputable women in Cyprus, leaving her indelible mark in the country's legal history.

“ҰРПАҚҚА ҮЛГІ”

Стелла Сулиоти 1920 жылы 13 ақпанда Лимассол қаласында дүниеге келген. Жарқын үміттерге толы студент-заңгер жас кезінен бастап қажетті шешімдерді қысқа мерзімде шешумен ерекшеленді.

Сулиотидің адвокаттық мансаптағы еңбек жолы 1951 жылы басталады, бұған дейін ол Кипр мен Египетте жоғары білім алу үшін көп қиындықтардан өтеді.

1960 жылы архиепископ Макариус оны Әділет және қоғамдық тәртіп министрлігінің басшысы етіп тағайындады.

1963-1970 жылдары Стелла Сулиоти Денсаулық сақтау министрі лауазымын атқарды.

Стелла Сулиоти 64 жасқа толғанда, сол кездегі Президент Спирос Киприан оған Кипр Республикасының бас прокуроры лауазымын ұсынды, бұл қызметте ол 1988 жылға дейін еңбек еткен. Осылайша, Сулиоти құқықтық жүйеде жоғары лауазымды иеленген алғашқы әйел болды.

Стелла Сулиоти 2004 жылға дейін Кипр Қызыл Крестінің төрайымы болды.

2020 жылы Кипр поштасы Кипрдің көрнекті тұлғалары бейнеленген пошта маркаларын шығарды, олардың қатарына Стелла Сулиоти де кірді. 2021 жылы Кипр Сыртқы істер министрлігі “Стелла Сулиоти атындағы сыйлық” деп аталып кеткен адам құқықтарын қорғау саласындағы сыйлықты бекітті.

“AN EXAMPLE FOR GENERATIONS”

Stella Soulioti was born on February 13, 1920 in the city of Limassol. The student lawyer was full of great hopes, and from a young age she was distinguished by the ability to find necessary solutions in a short time.

She took her first steps in her legal career in 1951, having gone through the thorny path of higher education in Cyprus and Egypt. In 1960, Archbishop Macarios appointed her as the head of the Ministry of Justice and Public Order.

From 1963 to 1970, she served as the Minister of Health.

When Stella turned 64, President Spyros Kyprianu offered her the post of Attorney General of the Republic of Cyprus, where she worked until 1988. Soulioti became the first woman to receive such a high position in the legal system. Soulioti was the President of the Cypriot Red Cross until 2004.

In 2020, the Cyprus Post issued postage stamps depicting prominent personalities of Cyprus, including Stella Soulioti. In 2021, the Foreign Ministry of Cyprus established a human rights award under the name “Stella Soulioti Award”.





Dina Nurpeisova

Дина Нұрпейісова
1861 – 1955

Дина Нұрпейісова - қазақтың халық композиторы, домбырада орындаушы. Дарынды суырып салма және Құрманғазының шәкірті қазақ музыкалық мәдениетіне үлкен үлес қосты. Отандастарының көптеген ұрпағы үшін таланттың, мықты рух пен шыдамдылықтың үлгісіне айналды.

Dina Nurpeisova was a Kazakh folk composer and dombra player. A talented improviser and the student of the composer Kurmangazy, she made a great contribution to the Kazakh musical culture. She has become a symbol of talent, fortitude and an example of stamina for many generations of the citizens of Kazakhstan.

“ДОМБЫРА – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНЫ”

Дина Нұрпейісова 1861 жылы Қазақстан Республикасының қазіргі Батыс Қазақстан облысының Нарын-құм деген жерінде дүниеге келген. Оның әкесі музыкант болған, домбырада ойнаған. Музыкалық аспапта ойнаудың алғашқы дәрістерін кішкентай қыз әкесінен алған. Динаның әпке-сіңлілері тамаша ән салды, сондықтан домбыра олар үшін лайықты сүйемелдеушіге айналды. Әкесі оған музыкамен айналысуды ұсынды, бірақ қызының осыншалықты биік белестерге өрлейтіні оның ойына да кіріп-шықпаған еді.

Ол жастайынан Дәулеткерей, Құрманғазы, Мұхит, Мүсірәлі, Ұзақ, Әлікей, Түркеш, Есжан, Байжұма, Баламайсана және басқа да атақты күйшілердің күйлерін өте жақсы орындағандықтан, “домбырашы қыз” атанып кеткен.

Шалғай ауылдан шыққан дарынды домбырашы қыз туралы хабар бүкіл елге тарады. Көп ұзамай атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлы да оның өнерін тамашалауға келеді, кейін ол Динаның тәлімгері және ұстазы болды.

Шәкіртінің домбыра тартудағы өнері, қол алысы өз ойынан шыққан ұстазы Құрманғазы осындай кездесулердің бірінде Динаға “енді өзіңде күй шығаруға дағдылан” дегендей ақыл-кеңес береді. Ол Құрманғазының жігерлі де тез, жылдам ойналатын күйлері мен лирикалық әсем, майда қоңыр сазды Дәулеткерей күйлерін толықтай меңгерген кезі. Сондықтан ұстазының әлгідей ұсынысына қанаттанған Дина өзі де күй шығаруға тәуекел етеді. Бізге жеткен деректерге қарағанда, Дина алдымен өзіне бұрыннан таныс күй тақырыптарын таңдап алып, оны іштей қорытып, өзінше түсініп игеру арқылы жаңа музыкалық образдар енгізіп, одан әрі байыта түседі, парафраз жасау арқылы жаңа әуендер енгізеді.

1939 жылы қазақ домбырашысы Мәскеуде өткен байқауда өнер көрсетті. 2 мың қатысушының ішінен ең талантты 9 қатысушы бірінші орынды иеленді. Оның есімі бүкіл Кеңес Одағында белгілі болды. 1944 ж. – Ташкенттегі өнер мерекесіне қатысып, “Қазақ КСР Халық әртісі” атағын алды. 1952 ж. – домбырашының 91 жасында орындаған соңғы концерті.

“DOMBRA IS THE SOUL OF THE KAZAKH PEOPLE”

Dina Nurpeisova was born in 1861 in the town of Naryn-kum in what is now known as the West Kazakhstan region of the Republic of Kazakhstan. Her father was a musician, playing the dombra. She inherited this from him; the girl took her first dombra lessons. The family had three children— Dina’s sisters sang beautifully, and her dombra became a suitable accompaniment for them. When her father offered for her to play music, he could never have suspected that his daughter would go so far.

Since childhood, she had been playing the kyuis of Dauletkerei, Kurmangazy, Mukhita, Musirali, Uzak, Alikey, Turkesh, Eszhan, Bayzhuma, Balamaisan and other famous kyuishi so masterfully that she became known as «the dombra girl.»

News of a talented dombra player from the hinterland spread throughout the country. Soon the famous kyui player Kurmangazy Sagyrbayuly came to watch her play. Some time later, he became Dina’s mentor and teacher.

At one of such meetings, master Kurmangazy, impressed by her dombra playing and original style of performing kyuis, blessed Dina and advised her: “Now you should learn to make kyuis by yourself.” She has completely mastered the energetic, fast kyuis of Kurmangazy, and the lyric color and fine melodics of the Dauletkerey kyui. So, Dina, inspired by such a proposal of her teacher, decided to compose kyuis. According to the available information, Dina first chose familiar topics, comprehended them, introduced new musical characters, enriches them, and introduced new melodies, creating a paraphrase.

In 1939, the Kazakh dombra player took part in a competition in Moscow. Out of 2000 participants, nine of the most talented took the first place. Her name was known throughout the Soviet Union.

In 1944, she participated in the festival of art in Tashkent and received the title “People’s Artist of the Kazakh SSR”. In 1952, at the age of 91, she gave her last concert.



Аспазія

Аспазия
1865 – 1943

Йоханна Эмилия Лизетте Розенберг әдебиет әлеміне Латвияның ақын жұлдызы - Аспазия атымен танылған. Ол бүлікшіл эмоционалды көңіл-күйі мен ана тіліне деген сүйіспеншілігін бүкіл оқырмандарына жеткізе отырып, өзінің ерекше сезімін көрсете білді.

Johanna Emilia Lisette Rosenberg is known to the literary world as the Latvian poetic star Aspazija. She managed to show a flair for the extraordinary, conveying a rebellious emotional mood and love for her native language to her readers.

“ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ЖАН”

Аспазия 1865 жылы Елгава маңындағы ауқатты шаруа отбасында туып өскен.

Оның әдебиетке деген қабілеті алғаш рет мектеп қабырғасында латыш және неміс тілдерінде өлеңдер жазған кезінен басталды.

Макс Вильгельм Валтермен алғашқы некесі Аспазияны феминистік көзқарастарды қорғауға итермеледі.

Қоғам қайраткері және драматург Райнис бүркеншік атымен белгілі Янис Плиекшанға тұрмысқа шығып, ол жұбайына сыншы да, шабыттандырушы да бола алды.

Райнис пен Аспазия одағы латыш әдеби тілін жаңғыртуда маңызды рөл атқарды, іс жүзінде олар көптеген жаңа сөздер енгізді. 1898 жылы Гетенің “Фауст” шығармасының алғашқы аудармасы Райнис пен Аспазияның бірлескен еңбегі болып табылады.

Ерлі-зайыпты ақындардың өлеңдерін Латвияның бірнеше ұрпағы тыңдап өсті. Латвия әдебиеті классиктерінің еңбектері литва, молдова, чуваш, түрікмен және басқа да тілдерге аударылды. Көптеген театр режиссерлері Райнис пен Аспазияның шығармаларына спектакль қою құрметіне ие болды.

Мәдениетке қосқан үлесі үшін Аспазия Үш жұлдыз орденімен, II дәрежелі тану крестімен және Отан наградасымен марапатталды.

Латвияда және одан тыс жерлерде ақын мен драматургтың атымен аталған көшелерді кездестіруге болады. Меркурий кратері Райнистің құрметіне аталған. Юрмалада Аспазия өмір сүрген екі қабатты мұражай-үй сақталған.

“LOVING LIFE”

Aspazija was born and raised in a wealthy peasant family near Jelgava in 1865. It was during her school years when she first displayed her literary abilities. She wrote poetry in Latvian and German.

Her first marriage to Max Wilhelm Walter pushed Aspazija to defend feminist views. Having married a public figure and playwright, Janis Pliekshan - known under the pseudonym Rainis, she became both a critic and a muse for her husband.

The union of Rainis and Aspazija played a significant role in the modernization of the Latvian literary language; in fact, they introduced lots of new words to the Latvian vocabulary. The first translation of Goethe's “Faust” in 1898 was a joint effort of Rainis and Aspazija.

Several generations of Latvian children have grown up with the poems of these two poets. The classics of Latvian literature have been translated into Lithuanian, Moldavan, Chuvash, Turkmen and other languages. Many theater directors considered it an honor to stage performances based on the works of Rainis and Aspazija.

Aspazija's contribution to culture was awarded the Order of the Three Stars, the Cross of Recognition of the Second Class and the Fatherland Award. Both in Latvia and beyond its borders, you can find streets named after the poetess and playwright. A crater on Mercury is named after Rainis. In Jurmala, a two-storey house-museum where Aspazija once lived still stands today.



Marija Gimbutas

Мария Гимбутас
1921 – 1994

Мария Гимбутас – Литвадан шыққан американдық археолог және этнограф, оның аты үнді-еуропалықтардың шығу тегінің “қорған гипотезасын” ұсынумен байланысты. Мария өзінің ғылыми еңбектерінде ежелгі өркениеттердің дамуындағы маңызды кезеңдер және олардың тұрмыс-тіршілігі туралы баяндаған. Көптеген экспедицияларға ол тікелей қатысты.

Maria Gimbutas is an American archaeologist and ethnographer of Lithuanian origin whose name is associated with the advancement of the “Kurgan hypothesis” of the origin of the Indo-Europeans. In her scientific works, Maria shares the most important stages in the development and life of ancient civilizations. She was a direct participant of many expeditions.

“ҰЛЫ ӘЙЕЛ – ҚҰДАЙ ӨРКЕНИЕТІ. ЕЖЕЛГІ ЕУРОПА ӘЛЕМІ”

Мария Гимбутас 1921 жылы 23 қаңтарда Литва зиялыларының әулетінде дүниеге келді. Әкесі Даниэлиус Алсейки белгілі дәрігер және көрнекті фольклорист болған, анасы Вероника Алсейкене - қоғам қайраткері, офтальмология докторы, дәрігер дипломын алған алғашқы литвалық әйел.

1931 жылы Марияның отбасы Литваның “уақытша астанасы” Каунасқа көшкен. Жас қыз гимназияны, Ұлы Витаутас университетін және Вильнюс университетін үздік бітірді. Оқумен қатар, Мария музыка сабақтарын және салтанатты кештердегі суырып салу өнерін бірге алып жүрді.

1940 жылы Литвадағы күрделі саяси жағдай Марияның отбасы мүшелерінің тағдырына кері әсерін тигізбей қоймады. Халық тұтқындалып, күштеп жер аудару басталды. Оның көптеген туыстары із-түссіз жоғалып кетті.

Болашақ жұбайы Юргис Гимбутаспен кездесу, тұрмыста болу, Германияға көшу, қыздарды дүниеге әкелу, сонан соң АҚШ-қа көшу – мұның бәрі археолог әйелдің өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді. Мария археология докторы дәрежесін алды, славяндық жерлеу түрлері туралы алғашқы кітап шығарды, шақырылған дәріскер және түрлі славян тілдерінен ғылыми әдебиеттің аудармашысы болып жұмыс істеді, Пибоди мұражайының антропология бөлімінің қызметкері болды.

Этнограф Мария Гимбутас 23 монография, ірі зерттеулер және “Ескі Еуропаның құдайлары мен әйел-құдайлары”, “Әйел-құдайдың тілі”, “Әйел-құдайдың өркениеті” атты ағылшын тіліндегі үш ауқымды еңбек арқылы ғылыми ортаға кеңінен танымал болды.

Оның ғылыми талдауы мен археологиялық олжалары негізінде Еуропадағы неолиттік мәдениеттерге шолу жасалды.

1968 жылы The Los Angeles Times зерттеуші Гимбутасты жыл әйелі деп жариялады.

“CIVILIZATION OF THE GREAT GODDESS: THE WORLD OF ANCIENT EUROPE”

Maria Gimbutas was born on January 23, 1921 into a family of Lithuanian intellectuals. Her father Danielius Alseiki was a famous doctor and a prominent folklorist; her mother Veronika Alseikienė was a public figure, a doctor of ophthalmology, and the first Lithuanian woman to receive a medical diploma.

In 1931, Maria's family moved to Kaunas, the “temporary capital” of Lithuania. The girl graduated from a gymnasium, the Vytautas Magnus University, and later finished Vilnius University with honors. Along with her studies, Maria attended music lessons and engaged in public speaking during evenings.

The difficult political situation in Lithuania in 1940 affected the fate of members of Maria's family. People got arrested and deported. Many of her relatives simply disappeared, gone without a trace.

Meeting with her future spouse Jurgis Gimbutas, their subsequent marriage and move to Germany, the birth of other daughters, and then their move to the United States – all these milestones brought cardinal changes to the life of a female archaeologist. Maria received her doctorate in archeology, published the first book on the types of Slavic burials, worked as a guest lecturer and a translator of scientific literature from different Slavic languages, and became a member of the anthropological department of the Peabody Museum.

The name of the ethnographer Maria Gimbutas became known to the wide scientific world thanks to 23 monographs she penned, several major studies, and three large English-language works: “Goddesses and Gods of Old Europe,” “Language of the Goddess,” and “Civilization of the Goddess.” There is also an overview of the Neolithic cultures in Europe which is based on her scientific analysis and archaeological finds.

In 1968, the researcher Gimbutas was chosen as the Woman of the Year by the “Los Angeles Times”.



Barbe Peckels

Барбе Пекелс
1836 – 1906

Барбе Пекелс – Люксембургтегі қонақ үй бизнесінің иесі атанған алғашқы әйелдердің бірі. Барбе өзінің үлгісімен отбасылық қонақ үйдегі қонақжайлылық автоматтандырылған процесс емес, ал жылдар бойы қалыптасқан отбасылық сапа екенін көрсетті.

Barbe Peckels is one of the first female hospitality leaders in Luxembourg. Barbe showed by her example that hospitality at a family hotel is not an automated process, but a family quality developed over many years.

“БАРЛЫҒЫ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ”

Барбе Пекелс Ұлы Герцогтықтың жігерлендіретін пионер-әйелдерінің тізіміне енді. Ол ісін жаңа бастаған кәсіпкерге бизнес-идеяны іске асыру үшін көптеген жолдар және бизнесті дамыту үшін мүмкіндіктер ашылатынын нақты түсінді.

1852 ж. ол жұбайымен бірге “Ла Гайшель” ауданында үй сатып алды. Аз капиталы бар ерлі-зайыптылар фермада қонақ үй ұйымдастыра алды. Барбенің жұбайы аспаз болды, сондықтан дәмді және тойымды тағамдар дайындай білді.

Барбенің жұбайының аспаздық таланты жергілікті ұлттық тағамдардың дәмін татып көргісі келетін туристердің толассыз ағылуына кепілдік берді. Кәсіпкер ағымдағы мәселелерді шешумен айналысып, соңғы күндерге дейін отбасылық істі жүргізді. Бүгінгі таңда Domaine de La Gaichel жайлы отбасылық қонақ үйі тұрақты қонақтарын қабылдауды жалғастыруда. Шағын бизнес 2 қонақ үйден және 3 мейрамханадан тұрады. Құрылғаннан бері Domaine de La Gaichel қонақ үйі әрқашан анасынан қызына беріліп келген. Қазіргі уақытта отбасылық бизнесті алтыншы буын иесі басқарады.

“IT’S ALL ABOUT HOSPITALITY”

Barbe Peckels made the list of inspiring women pioneers in the Grand Duchy. She clearly understood that many paths open up for a budding entrepreneur to implement a business idea and act on opportunities for business development.

In 1852, she and her husband bought a house in the La Gaichel area. With a fairly small capital, the couple managed to organize a guest house on the farm. Barbe’s spouse was a cook and he knew how to cook hearty and incredibly tasty dishes.

The culinary talent of Barbe’s husband guaranteed the flow of tourists wishing to taste the national cuisine at the family farm. The entrepreneur was engaged in solving current issues and led the family business until her last days.

Today the cozy family hotel Domainede LaGaichel continues to receive guests. The small business includes 2 hotels and 3 restaurants. Since its creation, the Domaine de La Gaichel has always been passed down from mother to daughter. The management of this family business is currently in its sixth female generation.





Kato Lomb

Като Ломб
1909 – 2003

Като Ломб - 16 шет тілін түрлі дәрежеде меңгерген әйгілі венгр аудармашысы, полиглот. 1950 жылдары әлемдегі алғашқы ілеспе аудармашылардың бірі болған жазушы.

Kato Lomb was a well-known Hungarian translator and polyglot who mastered 16 foreign languages to various extents. She was a writer who became one of the first simultaneous translators in the world in the 1950's.

“МЕН ТІЛДЕРДІ ҚАЛАЙ ҮЙРЕНЕМІН”

Като Ломб 1909 жылы 8 ақпанда Печь аймағында дүниеге келді.

Шет тілдерін меңгеру қабілеттерінің арқасында кеңінен танымал болды. Қазіргі уақытта “негізгі жаңа әдіс” ретінде белгілі, Ломбтың шет тілдерін үйренуге деген көзқарасы оқуға негізделген, бұл грамматиканы үйренуге, сөздік қорын толықтыруға және соңында тілді түсінуге мүмкіндік береді. Венгр, орыс, ағылшын, француз, неміс тілдерінде еркін сөйледі, оқыды және жазды. Италиян, испан, жапон, қытай, поляк тілдерін түсініп, ойын жеткізе алды. Болгар, дат, румын, словак, украин, поляк, латын тілдерінде сөздікпен оқыды.

Білімі бойынша - физик және химик, бірақ жас кезінде Като Ломб шет тілдерге қызығушылық танытып, оларды өз бетінше үйрене бастайды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол Гогольдің “Өлі жандар” шығармасы арқылы орыс тілін жасырын үйренген.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Кеңес әскері Венгрияны басып алған кезде, ол Кеңес әскери әкімшілігінде аудармашы болып қызмет атқарды.

Қызмет бабы бойынша бірнеше ондаған елге барған, бұл туралы өзінің “Әлемді шарлаған аудармашы” кітабында баяндаған. Ол “Мен тілдерді қалай үйренемін” кітабында тілдерді меңгеру әдісін ұсынған.

Ломб КСРО-ға бірнеше рет барып, өзінің ерекше қабілеттерімен көпшіліктің назарына іліккен. “Ғылым және өмір”, “Жалын” және т.б. сияқты танымал журнал беттерінде оған арналған мақалалар жарияланып тұрды.

Қайтыс болардан бірнеше жыл бұрын (90 жасында), ақыл-есін және есте сақтау қабілетін жоғалтпаған шағында Ломб иврит тілін үйрене бастаған, кейін араб тілін үйренуді жоспарлаған.

“HOW I LEARN LANGUAGE”

Kato Lomb was born on February 8, 1909 in Pecs. She is widely regarded for her gift for foreign languages. Now known as the “core novel method,” Lomb’s approach to foreign language learning emphasizes reading in order to learn grammar, acquire vocabulary, and ultimately understand a language. She spoke, read and wrote fluently in Hungarian, Russian, English, French, and German. She also spoke and understood the Italian, Spanish, Japanese, Chinese and Polish languages. Furthermore, she read in Bulgarian, Danish, Romanian, Slovak, Ukrainian, Polish, and Latin with aid of a dictionary.

She had degrees in physics and in chemistry, but since her youth days, Kato Lomb was primarily interested in the languages that she studied on her own. During World War II, she secretly studied Russian from Gogol’s book “Dead Souls.”

During World War II, when the Soviet army occupied Hungary, she served as an interpreter in the Soviet military administration. By force of duty, she visited dozens of countries. She wrote about this in her book “A Translator’s Travels Around the World.” She further outlined her method of language learning in her book “How I Learn Languages.”

Lomb visited the USSR several times, where her phenomenal linguistic abilities attracted everyone’s attention. Articles in popular magazines such as “Science and Life” and “Ogonyok” were devoted to her.

A few years before her death at 90 years old, with a clear mind and excellent memory even in the old age, Lomb began to study Hebrew and planned to learn Arabic.



Daphne Caruana Galizia

Дафне Каруана Галиция
1964 – 2017

Мальта жазушысы және саяси шолушы Каруана Галиция – жоғары лауазымды шенеуніктер мен ірі кәсіпкерлерге ашық дау айтудан жасқанбайтын адал журналист ретінде отандастарының есінде қалады. Тәуелсіз журналистика жұлдызы жемқорлыққа қарсы күрестің нышанына айналды.

The Maltese writer and political commentator Caruana Galizia will remain in the memory of the Maltese citizens as an honest journalist who was not afraid to throw down an open challenge to powerful officials and big businessmen. The independent journalism star has become a symbol of the fight against corruption.

“ЖҮГІРТПЕ ТҮСІНІКТЕМELEP”

Дафне Каруана Галиция 1964 жылы 26 тамызда Мальтаның солтүстік жағалауы - Слимде дүниеге келді. Монастырь мектебін бітірген соң Дафна колледжге түсті, ал 1997 жылы Мальта университетін бітіріп, археология саласындағы үздік диплом алды. Бірақ жасөспірім кезінен бастап Дафна журналистика мен саясатқа қызығушылық таныта бастады.

1985 жылы белсенді қыз Питер Каруан Галицийге тұрмысқа шығып, үш ұл баланы дүниеге әкелді. Дафнаның жеткен жетістіктері репортерлік жүгірістен бастап the Sunday Times of Malta газетінің шолушысы лауазымына дейін медиа кеңістікте жұмыс істеген жылдар бойы жинақталған мол тәжірибенің жемісі еді.

Дафна 1992 жылы Malta Independent басылымы редакторының орынбасары болып тағайындалды, сонымен қатар Taste & Flair ай сайынғы журналда редакторлық қызмет атқарды. Ол қайтыс болғанға дейін осы екі басылымда қызмет атқарды.

2008 жылдан бері журналист қыз “Жүгіртпе түсініктемелер” деп аталатын жеке блогында жанжалды істерді тергеу туралы есептер жариялай бастады, бұл оқиғаларға Мальта басшылығының қатысы бар екеніне сөзсіз дәлелдер келтірді. Сыбайлас жемқорлық жағдайларын әшкерелейтін мақалалары үшін белсенді әйел бірнеше рет қамауға алынып, қорқытып-үркітуге ұшырады.

Дафне Каруана Галиция 2017 жылы көлік жарылысынан қайтыс болды. Журналистің өлімі туралы хабар қоғамдық резонанс тудырды, бұл Мальтаның жарты миллион халқы үшін ғана емес, бүкіл халықаралық қауымдастық үшін де орны толмас ауыр соққы болды. 2019 жылы Еуропалық парламент қасақана өлтірілген журналисті еске алу үшін Дафна Каруана сыйлығын бекітті. Сыйлық жыл сайын (16 қазан, Дафна Каруана Галицияның қайтыс болған күні) Еуропалық Одақтың адами қадір-қасиеті, бостандығы, демократия, теңдік, заң үстемдігі және адам құқықтары сияқты негізгі қағидаттары мен құндылықтарын насихаттайтын немесе қорғайтын көрнекті журналистерге беріледі.

“RUNNING COMMENTARY”

Daphne Caruana Galizia was born on 26 August 1964 on the northern coast of Malta, in Sliema. After graduating from a nunnery, Daphne entered college and graduated from the University of Malta in 1997 with an honors degree in archeology. However, journalism and politics had been the true focus of Daphne’s attention since adolescence.

In 1985, the activist married Peter Caruana Galizia and gave birth to three sons. Daphne’s personal success was based on extensive experience in the media, from a reporter’s hustle to the position of a columnist for “The Sunday Times of Malta” newspaper.

In 1992, Daphne was appointed as a Deputy Editor at “The Malta Independent,” also being an editor for the “Taste & Flair” monthly magazine. She worked with both publishers until the day of her death.

From 2008 onwards, the journalist published reports on scandalous investigations in her personal blog “Running Commentary,” providing undeniable evidence of Maltan leaders’ involvement. For her exposés about cases of corruption, the activist was arrested and intimidated several times.

Daphne Caruana Galizia died during a car bomb attack in 2017. The news of her death caused a public outcry and was a shock not only for the half-million population of Malta, but also for the international journalism community. In 2019, the European Parliament initiated the Daphne Caruana Prize as a tribute to the killed journalist. The Prize is rewarded on a yearly basis (on the 16 October, the date Daphne Caruana Galizia was assassinated) to outstanding journalism that promotes or defends the core principles and values of the European Union such as human dignity, freedom, democracy, equality, rule of law, and human rights.



Aletta Henriette Jacobs

Алетта Генриетт Якобс
1854 – 1929

Алетта Генриетт Якобс – Бейбітшілік пен бостандық үшін халықаралық әйелдер лигасын құруда маңызды рөл атқарды. Ол әйелдердің құқықтарын қорғауға және мәртебесін тануға үлкен үлес қосқан алғашқы әйел. Ол 50 жылдан астам уақыт бойы әйелдерге сайлау құқығын енгізу үшін күресіп келген.

Aletta Henriette Jacobs played an important role in the founding of the Women's International League for Peace and Freedom. She was the first woman to make a major contribution to the protection of the women's rights and recognition of the status of women. For over 50 years, she fought for enactment of women's voting rights.

“ӘЙЕЛДЕР ДАУЫС БЕРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ”

Алетта Якобс 1854 жылы 9 ақпанда голландиялық Саппемер ауылында еврей отбасында дүниеге келді. Алеттаның балалық шағы көптеген бауырлары мен әпкелерінің айналасында өтті. Оның әкесі құрметті дәрігер болған және үнемі әйелдердің жоғары білім алу құқығын қорғап келген. Әкесінің жұмысынан шабыт алған Алетта өзін медицинаға арнауды жөн көрді. Латын мен грек тілдерін және математика мен химия сияқты нақты ғылымдарды білу бұрын ерлерге жазмыш бойынша тиген несібе деп саналған, бірақ әкесінің күш-жігерінің арқасында ол осы ғылымдарды оңай меңгерді. 1879 ж. Голландиялық университетті бітіріп, ол әйелдер арасында жоғары білім алуда ізашар болды, ал бір жылдан кейін елде докторлық дәрежесін алған алғашқы әйел атанды. Алетта гинекология және педиатрия саласындағы оқуын Лондонда жалғастырды.

Якобс кедей әйелдерге гигиена ережелерін, сондай-ақ бала күтімін үйрету үшін тегін клиника ашты. Контрацепция құралдарын қолдану бойынша алғашқы ақпарат таратушылардың бірі болды. Алетта Якобс жылдан-жылға қайталанатын жүктілік ананың денсаулығына кері әсерін тигізетінін және балалар өлімінің өсуіне себеп болғанын байқады. 1882 ж. Якобс әлемдегі алғашқы босануды бақылау клиникасын құрды, Халықаралық әйелдер қозғалысының жетекшісі болды. Ол әйелдердің құқығын қорғады, еңбек жағдайларын барынша жақсартуға қол жеткізді.

1903 ж. Алетта Якобс Голландиялық әйелдердің сайлау құқығы қауымдастығының президенті болды. Сондай-ақ ол шіркеуді мемлекеттен бөлу идеясының жақтаушысы болды. 1919 ж. голландиялық әйелдер үшін дауыс беру құқығына ие болды.

Алетта Якобс өзінің қартайған шағында әлемді шарлауды және халықаралық конференцияларда сөз сөйлеуді жалғастырды. Оның әйелдер құқығын қорғауға қосқан үлесі халықаралық деңгейде мойындалған.

“WOMEN HAVE THE RIGHT TO VOTE”

Aletta Jacobs was born into a Jewish family on February 9, 1854, in the Dutch village of Sappemer. Aletta spent her childhood surrounded by numerous brothers and sisters. Her father was a respected doctor and always defended the right of women to receive a higher education. Inspired by her father's work, Aletta decided to devote herself to medicine.

Knowledge of Latin and Greek and the exact sciences of mathematics and chemistry were previously considered a man's lot, but thanks to the efforts of her father, she easily mastered these sciences.

After graduating from the University of Holland in 1879, she became a pioneer in higher education for women, and a year later she was the first woman to receive a doctorate in the country. Aletta continued her studies in the field of gynecology and pediatrics in London.

Jacobs opened a free clinic to train poor women in hygiene and childcare. She was one of the first disseminators of information on the use of contraception. Dr. Jacobs noticed that repeated pregnancies from year to year negatively affected the health of the mother, and that these became the reason for an increase in infant mortality. In 1882, Jacobs founded the world's first clinic for birth control, and was the leader of the International Women's Movement. She defended the rights of women and sought better working conditions.

In 1903, Aletta Jacobs became president of the Dutch Association for Women's Suffrage. She was also a supporter of the idea of separating church from state. In 1919 she won the right to vote for Dutch women.

In her advanced years, Aletta Jacobs continued to actively travel the world and speak at international conferences. Her contributions to the protection of women's rights are internationally recognized.



Marie Skłodowska-Curie

Мария Склодовская-Кюри
1867 – 1934

Мария Склодовская-Кюри — физик және химик, радиобелсенділік ілімін қалыптастырушылардың бірі және медициналық практикалық радиологияның негізін қалаушы. Физика қағидаттарын медицинаға, ауруларды диагностикалау мен емдеуге енгізген аты әлемге әйгілі ғалым.

Marie Skłodowska-Curie was a physicist and a chemist, one of the founders of the theory of radioactivity and the founder of all medical practical radiology. She is remembered as a world-renowned scientist who introduced the principles of physics in medicine, in the diagnosis and treatment of diseases.

“ҒЫЛЫМ – БАРЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ НЕГІЗІ”

Тарихта Нобель сыйлығының лауреаты атанған алғашқы әйел 1867 жылы 7 қарашада Варшавада орыс гимназиясы мұғалімінің отбасында дүниеге келді.

Мария Склодовская бастауыш және орта мектепте өте жақсы оқыған. Жас кезінде ол өзінің немере ағасының химиялық зертханасында зертханашы болып жұмыс істеді.

1890 жылы ол Париждегі үлкен әпкесіне келіп, Сорбоннаға оқуға түседі. 1893 жылы физика факультетін бітіріп, бір жылдан кейін тамаша білімінің дәлелі ретінде математика факультетінің дипломын алады.

Студент кезінде физикалық қоғам сабақтарында Мария П. Кюримен танысады. 1895 жылғы 25 шілдеде олардың үйлену тойы өтті. Докторлық диссертацияны жазу үшін Склодовская жаңа сәулелендіру мәселесін зерттеуді жөн көрді.

1898 жылы Пьер мен Мария жаңа элемент - полонийді ашты. Сол жылы олар радийдің болуын теориялық тұрғыдан дәлелдеді. 1903 жылы Склодовская докторлық диссертациясын қорғап, күйеуімен және А.А. Беккерелмен бірге физика саласындағы Нобель сыйлығының иегері атанды.

Кюри өздері ашқан радийді патенттемеді, өйткені олар өнеркәсіп пен техниканың жаңа саласының дамуын жасанды шектеулермен тежегісі келмеді. Ерлі-зайыпты тағы үш жыл бақытты ғұмыр кешті. Олардың болашаққа құрған шығармашылық жоспарлары ауқымды еді, бірақ жүк арбасы дөңгелектерінің астында қалған Пьердің қайғылы қазасы бүкіл жоспарларының тас-талқаны шығарды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол далалық ауруханаларға арналған жылжымалы рентген аппараттарын ойлап тапты. Мария Парижде Радий институтын құрып, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң онда жұмыс істей бастады. 1913 жылы оған екінші Нобель сыйлығы табысталды, бұл жолы оның химия ғылымының дамуына қосқан ерекше еңбегі атап өтілді. Мария Склодовская-Кюри, болжам бойынша радиацияның ұзақ әсерінен апластикалық анемиядан 4 шілде, 1934 жылы Сансельмоз санаторийінің жанында қайтыс болды. Тіпті оның жазба дәптерлері бір ғасырдан кейін де сәуле шығаруды жалғастыруда

“SCIENCE IS THE BASIS FOR PROGRESS”

The first woman in history to be a Nobel laureate was born on November 7, 1867 in Warsaw, in the family of a Russian gymnasium teacher.

Marie Sklodowska studied brilliantly in both primary and secondary schools. At a young age, she worked as a laboratory assistant in her cousin's chemical laboratory.

In 1890, she joined her elder sister in Paris and entered the Sorbonne University. In 1893, she graduated from the Faculty of Physics. A year later, she received a diploma from the Faculty of Mathematics, showing excellent knowledge.

While still a student in the physics department, Marie met Pierre Curie. The wedding took place on July 25, 1895. For her doctoral dissertation, Sklodovskaya chose the problem of new radiations.

In 1898 Pierre and Marie discovered a new element, polonium. In the same year, they theoretically substantiated the existence of radium. In 1903, Sklodowska defended her doctoral dissertation and, together with her husband and A. A. Becquerel, won the Nobel Prize in Physics.

The Curies did not patent the radium they had discovered because they did not want to restrain the development of a new field of industry and technology through such artificial restrictions. The couple lived three more happy years. They had a lot of creative plans ahead, but they were interrupted by the tragic death of Pierre under the wheels of a freight carriage.

During World War I she developed mobile radiography units to provide X-ray services to field hospitals. Marie founded the Radium Institute in Paris and after the end of the war she started working there. In 1913, she was awarded her second Nobel Prize, this time for her outstanding achievements in chemical science. Marie Sklodowska-Curie died of aplastic anemia, likely caused by prolonged exposure to radiation, on July 4, 1934 near Sansellmose. Even her notebooks are still radioactive a century later and today they are stored in lead-lined boxes.



Maria de Lourdes Pintasilgo

Мария ди Лурдеш Пинтасилгу
1930 – 2004

Мария ди Лурдеш Пинтасилгу – 1979 жылғы 1 тамыздан 1980 жылғы 3 қаңтарға дейін созылған Қалампыр төңкерісінен кейін Португалияның сегізінші премьер-министрі болған португалдық инженер-химик. Ол - Португалияның алғашқы және жалғыз әйел премьер-министрі, Еуропа тарихындағы Маргарет Тэтчерден кейінгі екінші әйел премьер-министрі.

Maria de Lourdes Pintasilgo was a Portuguese chemical engineer who became the eighth Prime Minister of Portugal after the Carnation Revolution from August 1, 1979 to January 3, 1980. The first and only female prime minister in Portugal, she was the second female prime minister in Europe after Margaret Thatcher.

“КӨШБАСШЫЛЫҚ”

Мария ди Лурдеш Пинтасилгу 1930 жылы 18 қаңтарда Абрантиш қаласында дүниеге келген. Лиссабонның Фелипе де Ланкаштре атындағы лицейінде (Liceu Filipa de Lencastre) орта білім алған. Жас кезінде Mocidade Portuguesa атты жастар қозғалысына белсенді қатысқан.

1953 жылы 23 жасында Лиссабон университетінің жоғары техникалық институтын бітіріп, инженер-химик мамандығын алды. Цемент өндірумен айналысатын ірі португалдық компаниялардың (Companhia União Fabril, CUF) бірінде жұмыс істеді. 1952—1956 жылдары Пинтасилгу католиктік университет жастары ұйымының әйелдер бөлімінің төрайымы болды, кейін 1956—1958 жылдары —католик студенттерінің Pax Romana халықаралық жастар қозғалысының жетекшісі.

Мария ди Лурдеш Пинтасилгу 1954 жылы зерттеулер мен жобалар бөлімінің аға инженері болып тағайындалған соң оның толыққанды кәсіби мансабы басталды. Ұлттық Ассамблеяның корпоративтік палатасында қызмет атқарды. Қалампыр төңкерісінен кейін әлеуметтік қорғау министрі ретінде 2-ші және 4-ші уақытша үкіметтердің құрамына кірді.

1979 жылғы тамызда премьер-министр болып тағайындалды. Премьер лауазымында болған бір жыл ішінде жалпы әлеуметтік сақтандыру, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек заңнамасы саласында елеулі реформалар жүргізді.

1987-1989 жылдары ЮНЕСКО-ның елшісі және Еуропарламенттің депутаты болды.

“LEADERSHIP”

Maria de Lourdes Pintasilgo was born on January 18, 1930 in the city of Abrantes. She received her secondary education at the prestigious Lisbon Lyceum named after Felipe de Lancaster (Liceu Filipa de Lencastre). As a girl, she took an active part in the youth movement Mocidade Portuguesa.

In 1953, at the age of 23, she graduated from the Higher Technical Institute of the University of Lisbon with a degree in chemical engineering. She worked for one of the largest Portuguese cement companies (Companhia União Fabril, or CUF). From 1952-1956, Pintasilgo was the chairman of the women's department of the Catholic university youth movement, and later, in 1956-1958, she was the head of the Pax Romana international youth movement of Catholic students.

Maria de Lourdes Pintasilgo's professional career began in 1954, when she took up the position of Senior Engineer in Research and Projects. She worked at the Corporate Chamber of the National Assembly. She was a member of the 2nd and 4th provisional governments after the Carnation Revolution, serving as the Minister of Social Protection.

In August 1979 she was appointed Prime Minister. During the year of her premiership, she implemented significant reforms in general social insurance, health care, education, and labor legislation.

From 1987-1989, she was a UNESCO ambassador and a member of the European Parliament.





Sofia Ionescu

София Ионеску
1920 – 2008

София Ионеску – әлемдік медицинаның дамуына зор үлес қосқан румындық нейрохирург. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миға күрделі операциялар жасаған дәрігер.

Sofia Ionescu was a Romanian neurosurgeon who made a huge contribution to the development of world medicine. The doctor performed the most complex brain surgeries during the Second World War.

“ЕМДЕУ ӨНЕРІ”

София Ионеску-Огрезяну 1920 жылы 25 сәуірде Фэлтичениде дүниеге келді. Ол - банк кассирі Константин Огрезяну мен үй шаруасындағы әйел Мария Огрезянудың қызы.

Бір күні Софияның мектептегі достарының бірі жазатайым оқиғаға ұшырап, оған миына операция жасау қажет болады. Алайда жас жігіт операциядан кейін көп ұзамай қайтыс болады. Бұл жағдай София үшін өзгерісті кезең болды. Жас қыз өз өмірін медицинамен байланыстыруға бел буып, анасының қолдауымен медициналық мектепке офтальмолог мамандығына түседі.

София оқуын Сучавада жалғастырды. Қыздың хирург ретіндегі еңбек жолы Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді. Барлық ер адамдар соғысқа аттанғандықтан, София клиникадағы жалғыз маман болып қалды. Соғыс қимылдары кезінде ол операциялар жасауды жалғастырды. Софияның миға операция жасауды қажет еткен алғашқы пациенті кішкентай ұл бала болды. Бұл операция персоналдың жетіспеушілігіне байланысты 1944 жылғы шұғыл режимде өтті. Қуанышқа орай, балаға жасалған операция сәтті өтіп, уақыт өте келе ол толық сауығып кетті. Осылайша, София әлемдегі әйелдер мен ерлер арасында бірінші нейрохирург болды. 45 жылдан астам уақыт бойы ол бір клиникада нейрохирург болып жұмыс істеді.

Софияның мансабындағы қызықты жағдай — оның 1970 жылы жасаған операциясы. Әйеліне шұғыл операция қажет болған Абу-Даби шейхы оған көмекке жүгінеді. Ислам заңдарына сәйкес, әйелге басқа ер адамдар қол тигізе алмайды. Сондықтан Абу-Даби шейхы Софияға жүгінген, себебі сол кезде ол әлемдегі жалғыз әйел нейрохирург болды. София шейхтің әйеліне операцияны сәтті жасап, әйел тез арада сауығып кетті. Шейх өте риза болғандықтан, оған 2 мың доллар және өте қымбат әшекей сыйлады. София бұл ақшаны медицинаны дамытуға жұмсады.

“THE ART OF HEALING”

Sofia Ionescu-Ogreseanu was born on April 25, 1920 in Falticeni. She was the daughter of bank teller Konstantin Ogrezianu and housewife Maria Ogrezianu.

Once, one of Sofia's school friends had an accident which required brain surgery. However, the young man died shortly after the operation. This incident was a turning point for Sofia. The girl firmly decided to connect her life with medicine and, thanks to her mother's support, entered medical school as an ophthalmologist.

Sofia continued her studies in Suceava. The beginning of the girl's work as a surgeon coincided with the outbreak of World War II. Since all the men went off to war, Sofia remained the only specialist at the clinic. During the hostilities, she continued to conduct operations. The very first patient in her clinic who required brain surgery was a little boy. This operation was conducted in extreme conditions in 1944, as there was a lack of personnel. Fortunately, the child successfully survived the operation and eventually recovered completely. Thus, Sofia became the first neurosurgeon among women and men in the world. For over 45 years she worked as a neurosurgeon within the same clinic.

An interesting case in Sofia's career was an operation she performed in 1970. The sheikh of Abu Dhabi turned to her for help, as his wife needed an urgent operation. According to the laws of Islam, other men do not have the right to touch a woman. Therefore, the sheikh of Abu Dhabi turned to Sofia, since at that time she was the only female neurosurgeon in the world. Sofia was able to safely operate on the sheikh's wife, and as a result the woman soon recovered. The sheikh was so grateful to Sophia that he gave her 2 thousand dollars and a very expensive piece of jewelry. Sofia spent this money on the development of medicine.



Maria Belova

Мария Белова
1885 – 1973

Мария Белова – балалар туберкулезінің таралуын, даму механизмдерін, емдеу және алдын алу әдістерін зерттеуге көп көңіл бөлген алғашқы дәрігер-фтизиатр.

Maria Belova is the first tuberculothapist to have paid a great deal of attention to studying the spread and mechanisms of the development, treatment and methods of preventing Pediatric Tuberculosis.

“МЕДИЦИНА – БҰЛ МАХАББАТ”

Мария Белова 1885 жылы публицист және мәдениет қайраткері Штефан Белла мен Яна Карловскаяның көп балалы отбасында дүниеге келді. Мария Панчеводағы қыздар мектебін бітірді, Евангелиялық лицейді (Evangelical Lyceum) экстернмен тәмамдады. 1911 жылы Будапешт университетінің медицина факультетін бітіріп, жалпы медицина дәрігері дипломын алды. 1911-1912 жылдары Берлин, Париж, Брюссельде медициналық тағылымдамадан өтті.

1913 жылы Трансильваниядағы аурухананың хирургия бөлімінде жұмыс істей бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол әскери дәрігер болып, көптеген жауынгерлердің өмірін құтқарып қалды.

Чехословакияға 1921 жылы оралып, хирургия бөліміндегі дәрігерлік жұмысын жалғастырды. Кейін балалар туберкулезіне қарсы күрес институтына ауысты. Мария Белова туберкулезді емдеуге үлкен үлес қосты. Туберкулезді емдеуге және алдын алуға бағытталған медицина қызметкерлерін оқытуға белсенді атсалысты.

“MEDICINE IS LOVE”

Maria Belova was born in 1885 to the large family of publicist and cultural figure Stefan Bella and his wife Yana Karlovskaya. Maria graduated from the girls' school in Pancevo, later graduating from the Evangelical Lyceum as an external student. In 1911 she graduated from the Faculty of Medicine of the University of Budapest and received a diploma in general medicine. In 1911-1912, she completed medical training in Berlin, Paris, Brussels.

In 1913, she started working at the surgical department of a hospital in Transylvania. During the First World War, she was a military doctor and saved soldiers' lives.

She returned to Czechoslovakia in 1921, where she continued to work as a doctor at the surgical department. Then she joined the Institute of Pediatric Tuberculosis. Maria Belova made a huge contribution to the treatment of tuberculosis. She took an active part in training of medical personnel aimed at the treatment and prevention of tuberculosis.





Ana Mayer-Kanski

Ана Майер-Кански
1895 – 1962

Ана Майер-Кански - химик және химия докторы атанған алғашқы словениялық әйел.

1920 жылы Любляна университетінің докторы ғылыми дәрежесін алған алғашқы әйел, инженер-химик 1895 жылы 20 маусымда словениялық кәсіпкер Карл Майердің отбасында дүниеге келді.

Ana Mayer-Kanski was the first Slovenian female chemist and a doctor of chemistry.

The first woman to receive a doctorate from the University of Ljubljana in 1920, a chemical engineer, she was born into the family of the Slovenian businessman Karl Mayer on June 20, 1895.

“ӨМІР – ҒЫЛЫМ”

Отбасында Анка деп атап кеткен Ана Випавадағы мектепте (1902-1907 жж.), Люблянадағы лицей мен классикалық гимназияда оқыды. Ол гимназияда оқуға рұқсат етілген алғашқы қыздардың бірі ретінде танымал болды.

1914-1918 жылдары Вена университетінің философия факультетінде Ана білім алып, химия мен физиканы зерделеді. Кейін Венаға оқуға түсті. Аустрия-Венгрияның ыдырауына әкеліп соққан оқиғалардан кейін Вена университетінің басшылығы славян студенттерді университеттен кетуге міндеттеді. Нәтижесінде Ана оқуын Любляна университетінде аяқтады.

Ана Майер “Формалиннің крахмалға әсері туралы” 1920 жылы диссертация жазып, Любляна университетінің алғашқы әйел докторы атанды.

1921 жылы ол Любляна университетінің медицина факультетінің профессоры Евгений Канскийге тұрмысқа шықты. Бұл некеде Алексей, Евген және Нушо есімді балалар дүниеге келді. Ерлі-зайыптылар 1922 жылы күкірт эфирін, диэтил эфирін және басқа да химиялық өнімдерді шығаратын алғашқы зауыт құрды.

1978 жылы Падуи университеті Ана Майер-Кански қайтыс болғаннан кейін оны 100 ұлы әйелдің тізіміне қосты: ол 1920 жылы алған ғылым докторы дәрежесінің иегері ретінде 72-ші орынды иеленді.

“LIFE IS A SCIENCE”

Ana, who was called Anka by her family members, attended school in Vipava (1902-1907), a lyceum and a classical gymnasium in Ljubljana. She became known as one of the first girls to be allowed to attend gymnasium.

From 1914-1918, Ana studied in the Faculty of Philosophy at the University of Vienna, where she studied chemistry and physics. Later she went to study in Vienna. The events that led to the collapse of the Austro-Hungarian Empire resulted in the leadership of the University of Vienna obliging the Slavic students to leave the university immediately. Ana eventually completed her education at the University of Ljubljana.

Ana Mayer wrote her thesis “Formalin Impact on Starch” in 1920, and became the first female Ph.D. at the University of Ljubljana. In 1921, she married Evgen Kansky, a professor at the Faculty of Medicine at the University of Ljubljana. In this marriage, she gave birth to their children— Alexei, Evgen and Nusho.

In 1922, the couple founded the first plant that produced sulfuric ether, diethyl ether and other chemical products in the country.

In 1978, the University of Padua posthumously included Ana Mayer-Kansky in their list of the 100 Greatest Women. She took 72nd place for her Ph.D., which she received in 1920.





Eila Vilhelmina Hiltunen

Эйла Вильгельмина Хилтунен

1922 – 2003

Атақты фин мүсіншісі Эйла Хилтунен – Сибелиус монументінің авторы, өнер тарихында көркемдік қабілеттер мен өзіндік идеяларға толы жарқын тұлға ретінде мәңгі қалады.

The famous Finnish sculptor Eila Hiltunen, the author of the Sibelius Monument, will forever remain in the history of art as a bright personality with artistic abilities and a stream of original ideas.

“МУЗЫКАҒА ҚҰШТАРЛЫҚ”

Эйла Хилтунен 1922 жылы 22 қарашада Сортавала қаласында дүниеге келген. Эйла ауқатты отбасында дүниеге келді және әулеттің жалғыз баласы болды.

Атақты фин мүсіншісі өзінің ерекше қасиеттерімен айналасындағыларды тәнті еткен: тілдер мен этикетті білу, қарым-қатынас дарыны, аналық қасиет және әртістік мансап, тиімді тапсырыстар алу және жұмыстарды жоғары көркемдік деңгейде орындау. Хилтунен мүсін саласында екі рет жұлдеге ие болды, оның еңбектері Франция, Швеция, Канада, АҚШ, Иран, Сауд Арабиясы, Германия мен Италия сияқты халықаралық аудиторияға жақсы танылды.

1967 жылы ол Хельсинкидегі ең көрнекті және креативті ескерткіштердің бірін жасады. Желмен дыбысталған монумент композитор Ян Сибелиусқа арналған. Көптеген симфониялық поэмалар мен пьесалар авторының есімі тот баспайтын болаттан жасалған “әнші” ескерткіште мәңгі сақталды. Үлкен абстрактылы құрылымның салмағы 24 тоннаны құрайды және біртұтас монолитке тігінен дәнекерленген түрлі диаметрдегі боо-ден астам қуыс құбырлардан тұрады. Сырт көзге бір қараған адамға бұл мүсін ғажайып пішінді болат ағаш сияқты, ал басқаларға ағза боп көрінер. Бұл жел арқылы ұлы композитордың музыкасын еске салып, қайғылы әуен шығаратын музыкалық ескерткіш қана емес, сонымен қатар Хельсинкидің заманауи интерактивті көрнекі жері болып табылады. Егер гаджетті QR коды бар тақтайшаға бағыттасаңыз, динамиктерден Ян Сибелиустың композициялар әуені шырқала жөнеледі. Сибелиус ескерткішінің кішкентай көшірмесін еске түсіретін Хилтунен жасаған мүсін, Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде орнатылған.

“PASSION FOR MUSIC”

Eila Hiltunen was born on November 22, 1922 in the city of Sortavala. She was born into a wealthy family and was an only child.

The famous Finnish sculptor had always delighted her circle with a knowledge of languages and etiquette, her communication talent, her love of motherhood and her artistic career, receiving lucrative orders and performing works at a high artistic level. Hiltunen won a sculpting prize twice and her work is well known to international audiences in France, Sweden, Canada, USA, Iran, Saudi Arabia, Germany and Italy.

In 1967, she created one of the most remarkable and creative monuments in Helsinki. The monument, “Singing in the Wind,” is dedicated to the composer Jan Sibelius. The name of the author of numerous symphonic poems and plays is immortalized in this “singing” monument which is made of stainless steel. The large, abstract structure weighs 24 tons and consists of over 600 hollow tubes of various diameters, all of which are welded vertically into a single monolith. Looking at the statue, some people see a bizarre steel tree, while others see a pipe organ. This is not just a musical monument that makes sad sounds in the wind which are reminiscent of the music of the great composer, but also a modern and interactive landmark of Helsinki. If you point your gadget at its QR code plates, you will hear Jan Sibelius’ melodies coming out of the speakers. A sculpture by Hiltunen resembling a smaller Sibelius Monument stands in the grounds of the United Nations headquarters in New York City.



Coco Chanel

Коко Шанель
1883 – 1971

Коко Шанель – XX ғасырдағы сән әлеміне үлкен ықпал еткен дәуірдің символы. Мінсіз талғамы бар әйгілі әйел дизайнері барлық жағынан ерекше болды: әрекеттерінде, дәйексөздерінде, қызығушылықтарында. Chanel сән брендінің негізін қалаушы әрдайым сән әлеміне күтпеген образдарды ұсынып, кез-келген күрделі дизайнды жетілдіре отырып, жаңа нәрсе жасаудан жасқанбады.

Coco Chanel is a symbol of an era, and a woman who had a great influence on 20th century fashion. The famous female designer with impeccable taste was original in everything, from her actions, to her quotes, to her hobbies. The founder of the Chanel fashion brand was not afraid to create something new at every turn, offering unexpected looks to the fashion world and improving upon even the most complex designs.

“ТАПТЫРМАЙТЫН МАМАН БОЛУ ҮШІН ҮНЕМІ ІЗДЕНІС ҮСТІНДЕ БОЛУ КЕРЕК”

Кейіннен Коко Шанель деген атқа ие болған Габриэль Шанель 1883 жылы 19 тамызда Францияның Сомюр қаласында дүниеге келді. Қыз ерте анасыз қалды, ал әкесі балаларына қамқорлық жасай алмаған. Осылайша, Габриэль монастырь жанындағы балалар үйінің қамқорлығына алынды. Мұнда болашақ стиль иконасы алғаш рет тігуді үйренді.

Балалар үйінен түлеп шыққан Габриэль трикотаж дүкеніне сатушы болып жұмысқа орналасты. Оның ерекше хоббиі ән айту болды, ал “Kokoriko”, “Qui qu a vu Coco” деген күлкілі әндерін орындағаннан кейін оған Коко лақап аты берілді.

Отставкадағы офицер Этьен Бальзанмен танысу және Парижге көшу сән әлеміне жол ашты. Кәсіпкер Артур Кейплмен кездескен соң Коко өзінің алғашқы сәнді қалпақтар дүкенін ашады. Оның спорт пен демалысқа арналған киімдерінің алғашқы коллекциясы джерсиден тігілген. Сол кездері бұл мата түрін таңдау күтпеген жайт болды, өйткені ерлердің іш киімі осындай трикотаждан тігілген.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр жылдарында Коко өз дүкендерін жабуға тура келді. Бірақ сән әлеміне салтанатты түрде оралу көп күттірмеді.

Қысқа көйлектер, қысқа шаш үлгілері, шағын шаршы сөмкелер – бұл Шанель сән дәуіріне бастау болған барлық революциялық қадамдар емес. Ал халықаралық деңгейдегі модельер жасаған “Chanel № 5” иіссуы, інжу жіп, кішкентай қара көйлек, әйелдерге арналған шалбарлы костюм – уақыттан тыс классика.

“TO BE IRREPLACEABLE, YOU NEED TO CHANGE ALL THE TIME”

Gabrielle Chanel, who later took the name Coco Chanel, was born on August 19, 1883 in the French city of Saumur. The girl was left without a mother early, and her father could not take care of his children, so Gabrielle ended up in an orphanage at a nearby monastery. Here the future style icon first learned to sew.

After graduating from the orphanage, Gabrielle got a job as a salesman in a knitwear shop. Her peculiar hobby was singing, and after a performance of the comical songs “Kokoriko” and “Qui Qu’a Vu Coco,” the nickname Coco was attached to her.

An acquaintance with a retired officer named Etienne Balzan, and a subsequent move to Paris, became her starting points in the world of fashion. After meeting a businessman named Arthur Capel, Coco opened her first hat shop. Her first collection of leisurewear and sportswear was made from jersey fabric. In those days, this was an unexpected choice of fabric, because men’s underwear was generally sewn from such material.

During the difficult years of World War II, Coco closed her stores. However, her triumphant return to the world of fashion was not long in coming.

Cropped dresses, short haircuts, and elegant rectangular handbags were not the only revolutionary steps that marked the beginning of Chanel’s fashion age. The “Chanel No. 5” fragrance, a pearl threaded necklace, a little black dress, and a women’s trouser suit created by this international fashion designer – all of these served as true classics that remain timeless.





Maria Yurich

Мария Юрич
1873 – 1957

Хорватия мен Оңтүстік-Шығыс Еуропаның алғашқы әйел журналисті. Мария Юрич белгісіз тілшіден Еуропада кең таралған загребтік “Obzor” газетінің саяси журналистіне дейінгі ұзақ жолдан өтті. Редактор журналистерге өз мақалалары мен репортаждарын әйел атымен қол қоюға тыйым салғандықтан, ол балалық шағын өткізген жердің атымен Загорка лақап атын қолдана бастады.

Maria Yurich was the first female journalist in Croatia and Southeast Europe. Starting as an unknown reporter, she later became a recognized political journalist in Europe for the “Obzor” newspaper in Zagreb. As the editor prohibited her from signing her articles and reports with a woman’s name, she started using the pseudonym Zagorka, which was the name of her childhood residence.

“СӨЗДІҢ КҮШІ”

Мария Юрич 1873 жылы 1 қаңтарда Неговец ауылында дүниеге келді. Балалық шағы Хорватияның Загорье елді мекенінде өтті, мұнда әкесі қожалық басқарушысы болды. Вараждинада алғашқы төрт сыныптық білім алып, кейін Загребте оқуын жалғастырды.

1891-1894 жылдар аралығында ата-анасы Марияны өзінен 18 жас үлкен бейтаныс адамға тұрмысқа береді. Мария күйеуімен Венгрияда 3 жыл тұрады. Кейін ол одан қашып кетіп, әдеби жұмыспен айналысады.

Мария Загорка саяси және парламенттік шолушы, Будапешт пен Венадағы газеттің тілшісі болып жұмыс істеді. Әдеби талантына қарамастан, Мария үнемі гендерлік кемсітушілікке ұшырады. 1896 жылы біраз уақыт “Обзор” газетінің бас редакторы болды. Кейін Мария Юрич Загорка Хорватиядағы алғашқы “Женский лист”, кейін “Хорватка” әйелдер журналын өз бетінше шығаруға шешім қабылдап, 1925-1938 жылдары оның редакторы болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Хорватияның фашистік билігі әйелдер журналын жауып, оның мүлкін тәркіледі. Соғыстан кейін ол Социалистік Югославияда белсенді феминистік қызметке оралды.

Мария Загорка шамамен 30 роман жазды. Оның он бір романын қазір АҚШ Конгресінің кітапханасынан табуға болады.

Оның таңдаулы шығармалары қатарында “Петриния көшесіндегі Ханым”, “Гричтен келген сиқыршы”, “Лотрщактың қызы”, “Инквизиторлардың жалыны”, “Республикашылдар” романдары және тағы басқалары бар.

“THE POWER OF A WORD”

Maria Yurich was born on January 1, 1873 in the Negovits village. She spent her childhood in Croatian Zagorje, where her father was the estate manager. She received her initial four-year education in Varaždin before continuing her studies in Zagreb.

Between 1891 and 1894, Maria's parents married her off to a man 18 years older than her who she did not know. Having settled with her husband in Hungary, Maria lived in this marriage for 3 years. Then she ran away from him and started writing books.

Maria Zagorka worked as a political and parliamentary columnist and newspaper correspondent in Budapest and Vienna. Despite her literary talent, Maria was constantly subjected to gender discrimination. For some time in 1896 she was the editor-in-chief of the “Obzor” newspaper. Later, Maria Yurich-Zagorka decided to independently publish the first woman's magazine in Croatia, called “Women's List.” Later known as “Croatian,” she was its editor from 1925 to 1938.

During World War II, the Croatian fascist authorities closed the women's magazine and confiscated her property. After the war, she returned to her active feminist activities in socialist Yugoslavia.

Maria Zagorka wrote about 30 novels. Eleven of her novels can now be found in the Library of Congress. Among her selected works are the novels “The Princess from Petriniskaya Street,” “The Witch from Grich,” “Lotschak's Daughter,” “The Flame of the Inquisitors,” “Republicans,” and others.



Eliška Junková

Элишка Юнкова
1900 – 1994

Поспишилов әулетінің тумасы Элишка Юнкова чехословакиялық шабандоз болды. Ол Гран-при автоспорт тарихындағы ұлы әйел жүргізушілердің бірі және Гран-при жеңіп алған алғашқы әйел болып табылады.

Eliška Junková, née Alzhbeta Pospisilova, was a Czechoslovakian racer. She is considered to be one of the greatest female drivers in Grand Prix motorsport history and was the first woman to win a Grand Prix.

“ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТА”

Юнкова 1900 жылы 16 қарашада Оломоуц деген жерде дүниеге келді. Он алты жасында банкке жұмысқа орналасады, онда ол жас банкир Винценц Юнекпен танысады.

Элишка бала кезінен автомобильдерге құштар болып өскен. Кейін бұл жұбайы Винценц екеуінің ортақ құмарына айналды.

1922 жылы Винценц Юнек таудағы чех жарысында жеңіске жетті, Элишка жұбайын жылдамдық саласында бортмеханик ретінде қолдауға шешім қабылдады. Бірақ көп ұзамай Бірінші дүниежүзілік соғыста Юнектің алған жарақаты сыр беріп, шабандоз берілістерді ауыстыра алмады. Осылайша, Элишка тізгінді өз қолына алды.

Келесі жылы 23 жастағы қыз жарыста сынға түсті, ал 1924 жылы алғашқы жеңісіне қол жеткізді.

27 жасында ол “Нюрбургрингте” екі литрлік машиналар санатында Гран-при жеңіп алды. Элишка Юнкова қазіргі уақытта Гран-при жарысында жеңіске жеткен жалғыз әйел болып табылады.

1928 жылы Германияның “Нюрбургрингтегі” Гран-при жарысында күйеуімен бірге көлік апатына ұшырады. Юнкова аман қалды, бірақ Винценц сол жерде қайтыс болды. Бұл апат Элишка үшін ауыр соққы болды. Бұл оқиғадан кейін ол барлық жарыс автомобильдерін сатып, ешқашан трассаға шықпады. Автомобиль журналына мақалалар жазды, ел аралады.

Бірнеше клубтарға Элишка Юнкованың есімі берілді және оның құрметіне іс-шаралар өткізіледі. Чехиядағы бірнеше көше Юнкованың есімімен аталған. Чехия Республикасының күніне орай Президент Милош Земан 2019 жылғы 28 қазанда қайтыс болғаннан кейін шабандозды Чехияның ең жоғары мемлекеттік наградаларының бірі - “Еңбегі үшін” медалімен марапаттады.

“AT HIGH SPEED”

Junková was born on November 16, 1900 in the town of Olomouc. At the age of sixteen, Junková got a job at a bank, where she met a young banker named Vincenz Junek.

Since childhood, Eliška had been fascinated by cars. Later, this became a common passion shared with her husband Vincenz. In 1922, Vincenz Junek won the Czech mountain race, and Eliška decided to support her husband as a mechanic. However, an injury he had received during the First World War flared up, and suddenly the racer could not change gears. In his place, Eliška volunteered to drive.

The following year, the 23-year-old girl made her racing debut, and by 1924 she had already earned her first victory. At the age of 27, she won the Grand Prix at the Nurburgring in the two-liter car category. Eliška Junková is currently the only woman to have won the Grand Prix class.

In 1928, during the German Grand Prix at the Nurburgring, she and her husband got into a car accident. Junková survived, but Vincenz died on the spot. The tragedy dealt a terrible blow to Eliška. After that, she sold all their racing cars, and never appeared on the racing tracks again. Instead, she wrote articles for an automobile magazine and went on travels.

Several clubs bear the name of Eliška Junková and there are events regularly held in her honor. Several streets in the Czech Republic are also named after Junková. On the occasion of the Day of the Czech Republic, on October 28, 2019 President Milos Zeman posthumously awarded the racer one of the highest state awards of the Czech Republic – the Medal of Merit.



Astrid Lindgren

Астрид Линдгрен
1907 – 2002

XX ғасырдың басында жоғары әдеби күштер әлемге Астрид Линдгрені сыйлады. Әлемдік балалар әдебиетінің жауһарына айналған “Балақай және шатырда тұратын Карлсон”, “Ұзын шұлықты Пеппи”, “Леннебергтегі Эмильдің шытырман оқиғалары”, “Арыстан жүректі бауырлар”, “Mio, менің Mio” кітаптары жас оқырмандарға өздерінің ішкі әлемін белсенді дамыта отырып, наным мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

At the beginning of the 20th century, the higher literary powers blessed this world with Astrid Lindgren. “Kid and Carlson,” “Pippi Longstocking,” “The Adventures of Emil from Lönneberg,” “The Lionheart Brothers,” “Mio, my Mio” - these books have become masterpieces within world children’s literature and continue to help young readers to form values and beliefs while actively developing their inner world.

“КІТАП БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ОЯТУ ЖӘНЕ ДАМУЫҢҮ ҮШІН КЕРЕК”

Әйгілі ертекші 1907 жылы Швецияның Смоланд провинциясында дүниеге келген. Астридтің ата-анасы лютерандық дәстүр бойынша 4 баланы тәрбиелеген фермерлер болды. Балалық шағында Астрид айналасындағы балаларды әйгілі кейіпкерлерге теңеген: Юнибаккендік Мадикен кітабындағы Мадикен — оның құрбысы, үлкен ағасы Гуннар – бұл “Леннебергтегі Эмильдің шытырман оқиғалары” кітабындағы Эмиль. Ал әзілмен жазылған “Біз бәріміз Бюллербюденбіз” кітабы - бұл ойынға тоймай өткізген балдәурен балалық шақтағы оқиғаларға негізделген. Мектепте Астрид құрдастарынан ерекше жазушылық шеберлігімен ерекшеленді, бұл оның кейін журналистика мен стенографияны таңдауына әсер етті.

1944 жылы “Бритт Мари ағынан жарылды” атты хикаят қыздарға арналған кітаптар байқауында екінші сыйлықты иеленді, ал “Ұзын шұлықты Пеппи” ертегісі басқа әдебиет сайысында бірінші орын алды. Жирен шашты тентек қыз туралы оқиға бастапқыда қызы Каринге арналған еді.

Ұлы жазушының шығармашылығы беделді марапаттарға ие болды, атап айтқанда: Ганс Христиан Андерсеннің медалі, Дания академиясының Карен Бликсен медалі, Лев Толстой атындағы Ресей медалі, Габриэль Мистраль атындағы Чили сыйлығы, Сельма Лагерлеф атындағы швед сыйлығы, Швецияның әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлығы. Астрид Линдгрэн швед радиосы мен теледидарында жұмыс істеді және қайырымдылық саласында жетістіктерге жетті.

2002 жылы Астрид Линдгрэн еске алуға арналған әдебиет сыйлығы табыстала бастады, бұл балалар әдебиеті саласындағы жетістіктер үшін беріледі. 1945 жылдан 1970 жылға дейін ол Rabén & Sjögren Publishing House баспасында балалар кітаптарының редакторы болып жұмыс істеді. Жазушы балаларға арналған әдебиеттерді үнемі қолдап отырды. Оның баспасы ересектерге арналған кітап авторларына гранттар берген кезде, Линдгрэн балалар жазушылары үшін де солай етуді талап етті. Астрид Линдгрэн сыйлығы жыл сайын 1967 жылдан бастап беріледі.

“A CHILD’S IMAGINATION NEEDS BOOKS IN ORDER TO LIVE AND BREATHE”

The famous storyteller was born in 1907 in the Swedish province of Småland. Astrid’s parents were farmers who raised four children in the Lutheran tradition. Many from Astrid’s childhood circle became prototypes of famous heroes: her friend Madiken became Junibakken from the book of the same name; her older brother Gunnar transformed into Emil from “The Adventures of Emil from Lönneberg.” Written with brilliance and humor, “All About the Bullerby Children” is a story based on events from Lindgren’s childhood about the best place on Earth, a place where it is never boring. At school, Astrid’s special writing skills distinguished her from her peers. This influenced her career choices – journalism and stenography.

In 1944, her novel “Britt-Marie Eases Her Heart” won the second prize in a girls’ writing competition, and “Pipmy Longstocking” won first place in another literary competition. The story of a naughty red-haired girl with pigtail braids was originally invented for her daughter Karin.

The work of the great writer was marked with prestigious awards— the Hans Christian Andersen Medal, the Karen Blixen Medal of the Danish Academy, the Russian Leo Tolstoy Medal, the Chilean Gabriela Mistral Prize, the Swedish Selma Lagerlef Prize, and the Swedish State Prize for Literature among them. Astrid Lindgren also worked on Swedish radio and television and achieved a lot in the area of philanthropy.

In honor of her achievements, there is now an Astrid Lindgren Memorial Literature Prize, founded in 2002, which recognizes achievements in children’s literature. From 1945 to 1970, she worked as an editor of children’s books at Rabén & Sjögren Publishing House. She was a tireless advocate for children’s literature. When her publishing company awarded grants to authors of adult books, she demanded the same honour be extended to children’s authors. The Astrid Lindgren Prize was first awarded in 1967 and continues yearly to this day.



Anna Raudkats

Анна Раудкатс
1886 – 1965

Анна Раудкатс – аса көрнекті эстон хореографы және халық биінің оқытушысы. Ол Эстонияның ұлттық би мерекесі дәстүрінің негізін қалаушы болып саналады.

Anna Raudkats was an outstanding Estonian choreographer and folk dance teacher. She is considered to be the founder of the tradition of the Estonian National Dance Festival.

“АЯҚ ПОЭЗИЯСЫ”

Анна Раудкатс 1886 жылы 23 ақпанда дүниеге келді. Ол теміржол қызметкерінің және епископ қожалығының сүт шаруашылығын басқарушы отбасының тұңғышы болды. Ропкин мектебінде және Альфред Грасси атындағы жеке қыздар гимназиясында оқып, оны 1901 жылы бітірді. 1903 жылы неміс тілі мұғалімі дипломын алып, Выборгта, содан кейін Санкт-Петербургте сабақ берді.

1905 жылы Эстонияға оралды. Емтихан тапсырып, 1906 жылы Пярнадағы бастауыш сыныптарына арналған гимназияда француз және неміс тілдерінің оқытушысы болып жұмысқа қабылданды. Сондай-ақ ол онда гимнастика, ойындар мен биден сабақ беріп, балаларға арналған қойылымдар ұйымдастырды, белсенді қоғамдық жұмыстар жүргізді.

Императорлық Александр университеті жанындағы гимнастика институтына 1912 жылы түсіп, оны 1915 жылы бітірді.

1916-1918 жылдары — Таллин қалалық жиналысының мүшесі. Тарту, Таллин, Курессааре мектептерінде мұғалім, одан кейін кітапханашы болып жұмыс істеді.

Анна Раудкатс ел халқын эстон биінің тарихымен таныстыру мақсатында 1926 жылы эстон халық билері туралы кітап шығарды. Өзі халық әндеріне негізделген бірнеше билердің авторы болып табылады: “Тулджаку”, “Каэра-Джаани”, “Пулгатанцу” және т.б.

Эстонияның II, V, VI және VII Жалпыға ортақ би мерекесінің құрметті жетекшісі болды.

Бүкіл халықтың сүйіктісіне айналған Анна Раудкатс 1965 жылы қайтыс болды. Көптеген жылдар бойы оны еске алу үшін “Тульяк” би жарысы өткізіледі.

1999 жылы Анна жазбаша және онлайн дауыс беру нәтижесінде XX ғасырдағы Эстонияның 100 ұлы қайраткерлері тізіміне кірді.

“POETRY OF THE FEET”

Anna Raudkats was born on February 23, 1886. She was the eldest child in the family of a railway worker and a dairy farm manager at their episcopal estate. She studied at the Ropkin School and later at the Alfred Grassi Private Gymnasium for Girls, graduating in 1901. Having received her diploma as a teacher of the German language in 1903, she worked as a teacher first in Vyborg and later in St. Petersburg.

In 1905 she returned to Estonia. Having passed the exam, in 1906 she was hired as a teacher of French and German at a gymnasium in Pärnu. She also taught gymnastics, games and dances there, arranging performances for children, and was actively involved in social activities.

Her first book, *Mängud I* (Games I) published in 1924, was followed in 1926 by *Eesti rahvatantsud* (Estonian Folk Dances), which described 26 traditional folk dances. The following year, she included 41 dances in her publication *Valik Põhjamaade rahvatantse* (Selection of Nordic Folk Dances). Throughout her career, she published eight books on Estonian folk dance. She worked as a teacher at schools in Tartu, Tallinn, and Kuressaare, and a librarian later on.

In 1926, Anna Raudkats published a book on Estonian folk dances, the aim of which was to acquaint the people of the country with the history of Estonian dance. She is the creator of several dances based on folk songs, including “Tuljaku Pulgatantsu,” “Kaer-Jaani,” and “Pulgatantsu.”

She was the honorary leader of the II, V, VI and VII Estonian National Dance Festivals. The legendary Anna Raudkats died 1965. The “Tuliak” dance competition has been held in her home area for many years, in her memory.

In 1999, she was included on the list of 100 Great Estonian personalities of the 20th century, based on the results of written and online voting

1

[illegible]

[illegible]

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

[illegible]

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.



Баспаға дейінгі жұмысты
Friends Media Group ЖШС және Исенова М.К. ЖК орындады
+7 775 582 89 30 @aisholpan_project

Басуға: 22 қараша 2021 ж. қол қойылды
Пішімі А5, Офсеттік басылым.
Көлемі 7,4 Таралымы 128 дана. Тапсырыс № 24978
Басылып шықты: 22.10.21

Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен “AISHOLPAN”
халықаралық мәдени-ағарту жобасына арналған
For the international cultural and educational project “AISHOLPAN”
unded by the European Union

Космонавтар к-сі 62, 7 қабат
Zo5E9E1, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тел: +7 (7172) 97 45 40
delegation-kazakhstan@eeas.europa.eu



Еуропалық Одақ пен Қазақстанның танымал әйелдерінің 28 жігерлендіретін әңгімесі



28 inspiring stories of outstanding women from the European Union and Kazakhstan



**AISHOLPAN халықаралық мәдени-ағарту жобасы аясында
Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен
басылып шығарылды**

Produced and published in the framework of the international and cultural
educational project AISHOLPAN with the financial support
of the European Union